- Базанова Ф.Н. Формирование и развития структуры населения Казахской ССР (национальный аспект). А-А Казахстан. 1987.
- Казахстан Республикасы халқының ұлттық құрамы. Казахстан Республикасындағы 1999 жылғы халық санғы корытындылары. 1 том. А. 2000.
- Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года. Казахская ССР. М. 1962.
- БҚОМА (Батыс қазақстан облыстық мемлекеттік архиві) № 693 кор, 1-тізбе, №22 іс.
- АОМА (Актөбе облыстық мемлекеттік архиві) № 1752 кор, 3-тізбе, № 41 іс.
- БҚОМА № 693 іс, 27-тізбе, № 20 іс.

\*\*\*

В данной статьи рассматриваются изменения численности, национального состава и полу – возрастной структуры сельского населения Западного Казахстана в 1959 – 1989 гг.

\*\*\*

In the given article changes of numbers, of national group and полу – aged structures of local population of Western Kazakhstan in 1959 – 1989 years are considered.

Ұ.Т. Ахметова,

т.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау  
мемлекеттік университетінің аға ғылыми қызметкери

## Орынбор ғылыми мұрагаттық комиссиясындағы И.А.Кастаньенің қызметі

1902 жылы Орынбор ғылыми мұрагаттық комиссиясының қызметін жалғастырғанына 16-шы жылға аяқ басты. Бұл кезең мұрагаттық комиссия Орал өзені жағалауындағы патшалы Ішкі Істер Министрлігіне қарасты казыналық 2 кабабты тас үйде, жогарысында мұрагат, төменніде мұражай, кенсе, кітапхана және күзетші бөлмесі орналасты. Иә, бұл осы ғимаратта тек кана бірінін үстіне бірі толықкан мұрагат іс-қағаздарына ғана орын бар да. Журіп - тұруға айналымға да келмейтін. Сонымен бірге комиссия мүшелерінің саны да жылдан-жылға артып жатты. Осы жылы комиссияның құрамына 13 құрметті, 107 толық мүшелері және тағы да жанадан бірнеше адамдар тартылып, мұрагаттық комиссия жұмысы одан ері жүргізілді. Олардың катарында Орынбор ерлер гимназиясының оқытушысы И.А.Кастанье де бар болатын [1, 3-б].

Иосиф Антонович Кастанье – XX ғасыр басында бірнеше ғылыми енбектерімен казак тарихының дамуына үлес коскан ғалым. Комиссияның енбектерімен казак тарихының дамуына үлес коскан ғалым. Комиссияның енбектерінде (Труды О.У.А.К.) И.А.Кастаньенің алғаш рет «Сант-Ягодагы Ғылыми Кенестің бюллетенінде жарық көрген Пара (Бразилия) тарихи және этнографиялық мұражайының директоры Гельдтің зерттеулерінен үзінді» атты рефератын Ғылыми мұрагаттық комиссиясының 1903 жылғы 3 желтоқсанындағы кезекті мәжілісінде тыңдалған болатын. Кастанье баяндауында «Америка үндістерінің шығу тегі ғылымдарды қызықтырып отырғандығы, ғылымдар жүргізген этнографиялық зерттеу нәтижесі Америка континентінің алғашки тұрғындары есептелеғін үндістердің монгол тектес халықтарға ұқсастығы, Гельдтің ғылыми экспедициясының Кунан жағалауынан тапкан үндістер атауынша, «уака» деп аталатынын екі жасанды үнгір зерттеулерінің нәтижесі Ресейдегі, тіпті. Орынбор губернияларындағы молалардан табылған заттармен ете ұқсастығы, мысалы, нефриттен жасалған тас балта және неолит дәүіріне жататын өзге де заттардың ұқсастығына» назар аударды [2, 171-173 бб].

И.А.Кастанье Орынбор ғылыми мұрагаттық комиссиясының толық мүшесі ретінде 10 жылдан аса қызмет жасаған кезеңінде казак

даласындағы көне археологиялық ескерткіштер туралы ғылыми мәліметтер жинаумен және оны жүрелеу жұмысымен айналысты.

Санкт-Петербург археологиялық комиссиясының рұқсатымен және коғиссия тапсырмасымен Кастанье Торғай облысына археологиялық зерттеу жұмысына кірседі. Мұрагаттық комиссия 1904 жылы 24 мамырда №322 іс-кағазы бойынша Орынбор – Ташкент темір жолының солтүстік белгінде құрылғыс жұмысын жүргізіп жаткан белім бастығына хат жолдан, онда «Комиссияның толық мүшесі Иосиф Антонович Кастаньені Торғай облысына археологиялық зерттеу жұмысына іс-сапарға жіберетінін, соған байланысты Кастаньеге 1904 жылдын 1 маусымынан 10 тамызға дейінгі темір жолының солтүстік белгінде тұракты билет беруін өтінеді» [3, 355-п]. Мұрагаттық комиссия төрағасының өтінішін канагаттандырғанын мына мұрагат құжатынан байқаймыз: «Орынбор – Ташкент темір жолының солтүстік белгі құрылғысының жол козғалысының баскармасының бастығы Орынбор ғылыми мұрагаттық комиссиясының төрағасына 1904 жылдың 2 маусымындағы №2029 іс-кағазы құжаты бойынша: «Комиссия мүшесі И. Кастаньеге 11 класти №136-ші поезда I жылға кызмет бабымен тегін жүретін билет беретіндігін» [4, 59-п].

1902 жылы Орынбор ғылыми мұрагаттық комиссиясына мүше болған И. Кастанье казак даласына 1904, 1905, 1906, 1907, 1909, 1911 жылдары археологиялық экспедицияша шығып, мұражай коргаушысы, комиссия төрағасының көмекшісі кызметін аткарған.

Казак еліне алғашкы сапарын 1904 жылы Кастанье жакын уезд Актөбені таңдап, онда 7 тарихи орын: Елек болысындағы Карсақбас. Байшолак сағасындағы корғандар. Актөбе уезіндегі Шиелі үнгіріне, ірі тастарадан өрілген Шиелі көне ескерткішіне, Актөбе болысындағы Ашусай корғаны, Жаман Кағалы жанындағы корғанда, Жаксы Кағалы жағалауындағы кірпіштен өрілген молага зерттеу жұмысын жүргізген [5, 188-б].

Ғалым Түркістан сапары туралы есебінде 1904 жылдын маусымынан басында Орынбор қаласынан шығып, Түркістанға бағыт алғанын айтады [6, 176-б]. Бұл сапары казак даласы арқылы Ташкент. Самарқандқа барып, кері кайткан. Осы сапарынан кейін 1905 жылы 9 наурызда коғиссияның кезекті отырысында Түркістан сапары туралы есебін және түсірген фотоларын жинактаған альбом жасап тапсырған [7, 250-б].

Кастанье іс-сапарларында өзімен бірге фотоаппарат алғып шығып, бірнеше казак тарихынан сыр шертер фотоқұжаттарды жинактаған. «Түркістан сапарында», атап айтсак, бірінші суретін «Қыргыздар

кенесі» деп атаса, екіншісін «Актөбедегі шіркеу», үшіншісін «Бай казактың үйі», төртіншісін «Киіз үйдегі казак мектебі», бесіншісі «Қазак жайлaura», алтыншысын «Қазак қыздары», жетіншісін «Даладағы аттылы», сегізіншісін «Даладағы саяхат», тоғызыншысын «Даладағы жер жырту», оныншысын «Молдалар» деп атаған бейне деректерін XX ғасырдың басындағы казак өмірінен хабар берер құнды кайталанбас бейне деректер тобына жатқыза аламыз.

1905 жылғы 13 мамырда комиссияның кезекті мәжілісінде төрағасы А.В.Попов И.А.Кастаньенің шет елден келген сапарында әкелген археологиялық казба зерттеулерін аяқтау үшін 15-тен 20 рубка дейін каржы болуді ұсынып, бұл ұсынысты қабыл алған комиссия мүшелері каржы бөлуге шешім кабылдады.

1905 жылғы 5 күркүекте комиссияның кезекті мәжілісінде мәлімдегендегі, И.А.Кастаньенің шет елден келген сапарында әкелген тарих ғылымы үшін манызы бар французді тілінде жазылған құнды кітаптарды комиссия 26 рубка сатып алғып, мұрағат кітапхана корын жіберген.

1906 жылы И.А.Кастанье жазғы демалысының пайдаланып, Актөбе уезінің Жаксы Қарғалы өзені бассейні мен бірнеше корғандарға археологиялық зерттеу жұмысын жүргізген. Оның есебінен белгілі болғандай, жалпы казылған №1.2 бұл корғандардың тас, қола, темір дәүіріне, №3 корғандағы жатыз адам сүйегі скиф дәүіріне. №4 корған түркі дәүірінің ағы мен ислам дінінің жана тарала бастаған кезеңіне жатқызады. №5 корған ислам дәүірінен бұрынғы кезеңді камтиды десе, №6 корғандағы үш адам жерленгендігін, бұдан өзге осы аймактан ірі 30 корғанды көзбен санағанын, корғандардың сырт бейнесін, салыну мәнері, ішіндегі адам жерлеу үрдісінің түрлілігін, ғалым түсіндіруінше, бұл аймак бір емес, бірнеше оқиғаларды өткерген, тарихи бай өлке деген тұжырым жасайды.

Қазба кезеңінде табылған барлық заттарды И.А.Кастанье мұражайға тапсырған, сонымен коса. Арап тенізінің теңіз үйрегінің тұлбыбы (чучила) және аса буланған жыландар, кесірткелер, хамелеондар (түсін өзгереттің кесірткелер – Ұ.А.) сыйлаган [8, 65-б].

Одан ері келесі 1907 жылғы комиссия толық мүшесі И.А.Кастанье Торғай облысы, Актөбе уезі, Жаман Қарғалы өзеніне жакын орналаскан корғандар тобына зерттеу жұмысын жүргізу үшін 100 руб каржы бөлуді де сұраған.

1907 жылдың 24 мамырында кезекті комиссия мәжіліс отырысында Г.Аниховскийдің сәйлекен сөзінен белгілі болғандай, Императорлық Орыс Географиялық Коғамының Орынбор

бөлімшесінің тапсырмасымен И.А.Кастане казак даласына іс-сапарға кететіндігі, оған комиссия жүктеген археология саласындағы зерттеулерін одан ері толыктыруын етінеді [9, 46-б].

1909 жылы 9 күркүекте комиссия кезекті мәжілісінде И.А.Кастанеңің «1909 жылғы жаздағы Актөбедегі казба жұмыстары» жөніндегі баяндамасы тыңдалды. Бұл сапарында бірнеше казба жұмыстары жүргізілген-ді, одан бірнеше кызылдықты көне дәүір ескерткіштері табылғандығын атап келе, үстінен мис және темірден жасалынған табылған заттар және адам бас сүйегін әкеліп, мұражайға өткізген [10, 308-б].

1909 жылы археолог ен үлкен корғанды казғандығын. оның терендігінің 6 м. дейін барғандығын жазады. Осы есебінде ел арасынан сұрастырып, корғандардың бірнеше тізбегін тапқандығын, осы жол сапарында көзімен көрген Тайыр қыстағына 3 км. кашыктықта Актөбе каласының онтүстік-шығысында. 10-12 км. кашыктықта Елек өзенінің он жағалауында Бестамак болысының б ауылында ірі корған туралы естіген, көргенін жазады. Бұл корған алыстан көрінетін ірі кірпіштерден салтынған, ен бінкі төбесіне түрлі түсті каланған тас кірпішпен көтерілуге болатындығын. бұл гажайып құрылыш аймагындағы біраз жерді камтитындығын, казактардың айтуынша, бұл белгісіз халықтың көне корғаны екендігі, темір жол торабы тартылған кезінде корған тастаның бұзылғандығы, кабырга тастаны подрядчиктер таратып атғандығын ашына баяндаған. Казактардан тағы да алдымен, катты реніш білдіріп айткан әнгімелері коныстанушылардың казак молатарының тастаның бұзып тасып атуы тарихи ескерткіштерін сактай алмай отыргандығын қынжыла айтканы, әсіресе, өздері аса кадір тұтатын Көтібар батыр моласының аузы еді. И.А.Кастане бұл мола толыктай кираган, тек кана бұл ескерткіш туралы естеліктер ғана калатындығын баса айтады.

И.А.Кастане «Казак даласындағы құлпыластар ескерткіштері» атты хабарлама жасады. Комиссия болашакта осы енбегін автордан 350 данасын жарықка шыккан кезде сатып атмақшы болған [42-б].

Кейіннен «Қыргыз даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» атты енбегінде казак жеріне жүргізілген зерттеулері жинақталып, 1910 жылы Орынбор каласынан жарық көрді. И.А.Кастане енбегінің кіріспесінде: «жазылып отырган енбек 1868 жылғы бұйрықтан кейін Торғай, Орал, Ақмола, Семипалатинск облыстары. Астрахань губерниясының Бекей Ордасы, сонымен бірге Сырдария облысының ішінәра белігінің көне ескерткіштері енгендігін және осы енбегімді 1911 жылға дейін ғана жазды». деп анық көрсетеді [11, 1-б].

И.А.Кастанье кейіннен бұл енбегі туралы: М.Шокайға жазған хатында бытайша еске алады: «...орталарында өмір сүріп, қайғы касірет пен үміттерінің күәсі болғанмен казак-қыргыздар, башқұрттар, татарлар, өзбектер, солар секілді жұртшылыққа сүйсіне карадым. «Қырғыз даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» деген Сіз айттып отырган кітабымды, баска да енбектерімді тарихта алатын орны ерекше батыр түркі-монгол тайпаларына арнадым», - деп пікірін білдірген [12, 9-б].

Одан ері И.А.Кастаньенің комиссия қызыметіне қоскан үлесіне барлай карасақ. 1911 жылы тераға көмекшісі И.А.Кастанье мұражайдың палеонтология бөлімін тізімін жасап, мұражай медальдары мен акшаларының каталогын жасаган [13, 17-б].

Сонымен бірге комиссия мұражайды 1911 жылдың құнды заттармен толыкты. И.А.Кастаньенің Орал облысындағы археологиялық казбалардан және шаруалардың рұқсатсыз өздіктерінен коргандарды казып, ұрлаған заттарды тәркілеуінің нәтижесінде комиссия мұражайдына 110-ден аса заттар тіркелді. Мысалы, 1) Самарқандтағы Бибі қаным мешітінің 3 көсек әшекей тасы. 2) 1898 жылы Торғай облысы. Актөбе уезіндегі корғаннан табылған бас сүйегі, сырый ағашка кигізген аттың тұяғы (казак бойтұмары). т.б. құнды казак тарихы мен этнографиясынан хабар берер деректермен толыкты.

Қазак даласының көне тарихына назар аударып, бірнеше енбектер арнаган И.А.Кастанье жеке тағдыры туралы деректерді сарапал болсақ, мәлімет аз кездеседі. Автор туралы тұра мәліметтерді тарихшы К.Есмагамбетов пен Ф.Исаҳаның «Егемен Қазакстанға» жарияланған ғылыми макаласынан кездестіреміз. Бізге беймәлім Иосиф Антонович Кастанье – француз ғалымы Жозеф-Антуан Кастанье 1875 жылы Францияның Гайак қалашығында дүниеге келген. 1899 жылы Ресейге коныс аударып, 2 жылдай Кавказды тұрактайды [12, 9-б]. Орынбор тарихын зерттеушісі Ю.С.Зобов «Онтүстік Орал тарихшылары» атты енбегінде И.А.Кастанье кезінде Францияның Тулуза лицейін бітіргендігі жөнінде дерек көлтіреді [14, 113-б].

1901 жылы Орынборга әйелі, қызымен көшіп келіп, Орынбор ерлер гимназиясында және Неплюев кадет корпусында французді тілінен сабак береді. Осы жылдан бастап Орынбор қаласының когамдық-ғылыми өміріне бар ынтасымен араласады.

Орынбор ғылыми мұрагаттық комиссиясының жұмысына қызу араласып, нақты біраз пайда көлтіргенін байқаймыз.

1911 жылы 31 наурыздағы комиссияның жалпы жиналысында И.А.Кастанье мұражай корғаушысы ретінде А.И.Нестеровскийдің

ұсынысына косылатындығын, мұражайдагы нумизматика саласындағы соңғы маман ретінде жәшіктегі сактаулы мыс, темір акшаларды аштырып, кайталанатын акшаларды басқа заттарға ауыстыру туралы ұсынысы ескеріледі. 1912 жылы 9 ақпанды И.А.Кастанье комиссияның кезекті мәжілісіне денсаулығына байланысты катыса алмай, 7-ші мәселе бойынша ғалым даярланаған З баяндамасын А.П.Гра комиссия мүшелеріне таныстырыған.

1912 жылдың 10 казанында кезекті отырысында комиссия төрағасы А.В.Попов И.А.Кастаньенің хатын оқып, онын мұрагат комиссиясының мүшелерімен коштасатындағын хабарланаған. Осыған орай И.А.Кастаньенің атына комиссия қызметіне тигізген көп пайдалы мен жаң-жакты қызметіне алғысын білдірген хатын жолдайды. 1912 жылдан бастап И.А.Кастанье Түркістанға жұмысқа ауысқан. Ол Ташкентте Археология әуесқойларының Түркістан үйрімесінің, келесі жылы Орыс императорлық географиялық қогамының Түркістан белгішесінін мүшесі болып қабылданады.

И.А.Кастанье Ташкент кезеңінде казақ даласының онтүстік тарихи ескерткіштері және этнографиясынан мағімет берер біраз енбектер жариялаган. Сонымен И.А.Кастаньенің казактар туралы ғылыми енбектері Орынбор ғылыми мұрагаттық комиссиясының жылма-жылғы тарихи құжаттарында күттейліп жатты.

1913 жылы 12 мамырда Орынбор ғылыми мұрагаттық комиссиясының 25 жылдық мерекелік мәжілісіне орай комиссия мүшелерінің кажырлы енбекін бағалай отыра, құттықтау жеделхатын жолдаған.

И.А.Кастанье 1920 жылы өз еліне Францияға оралды. Ол Францияда бірден Сыртқы Істер министрлігі баспасөз және акпарат қызметі директорының орынбасары болып жұмысқа қабылданады. Орыс тілді басылымдарды сараптама жасаумен айналысады.

Ол Францияда ғылыми жұмысын жағастырып. Париж антропологиялық қогамының жұмысына араласады. Ғалым 1950 жылы дүниеден озған [12, 9-б].

Кейіннен И.А.Кастанье картайған шағында өткен өмірін негізге атып, естелік кітабын жазған.

#### Әдебиеттер:

1. Отчет за 1902 год // Труды Оренбургской Ученой Архивной комиссии. Выпуск 14 Оренбург. Типо-Литография. И.И.Евфимовского-Мировицкого. 1905.
2. Отчет состояния Оренбургской Ученой Архивной комиссии в 1903 г.// Труды О.У.А.К. Выпуск 14. Оренбург. 1905.

3. Орынбор облыстық мемлекеттік мұрагаты (OpOMM). 96-к., 1-т., 51-ic, 55-п.
4. OpOMM. 96-к., 1-т., 51-ic, 59-п.
5. Кастанье А.И. Отчет в экспедиции в Актюбинский уезд лето 1904 года // Труды О.У.А.К. Выпуск 14. Оренбург, 1905.
6. Кастанье А.И. Отчет о поездке в Туркестан // Труды О.У.А.К. Выпуск 16. Оренбург, 1906.
7. Отчет о состоянии и деятельности Оренбургской Ученой Архивной комиссии за 1905 год // Труды О.У.А.К. Выпуск 16. Оренбург, 1906
8. Кастанье А.И. Отчет о раскопках шести курганов в Актюбинском уезд летом 1906 г.// Отчет о состоянии и деятельности Оренбургской Ученой Архивной комиссии за 1906 г. Составитель правитель дел И.С.Шукшинцевым.//Труды О.У.А.К. Выпуск 19. Оренбург, 1907.
9. Протокол заседаний за 1901-1907гг.// Отчет за 1907г. Оренбург, Типо-литография Б.А.Брестна, 1909. С.-81.
10. Отчет о деятельности и состоянии Оренбургской Ученой Архивной комиссии. Составитель правитель дел П.А.Незянов за 1909 год // Труды О.У.А.К. Выпуск 23. Оренбург, 1911.
11. Кастанье А.И. Древности Киргизской степи и Оренбургского края // Труды О.У.А.К. Выпуск 22, Оренбург «Каримов, Хусаинов и К», 1910.
12. Есмаганбетов К.. Нсахан Ф. Гайак қаласында туып, казак даласын көзген француз // Егемен Қазакстан. 2005. 26 кантар.
13. Отчет о состав и деятельность за 1911 год. Составлен Правителем комиссии И.С.Шукшинцев // Труды О.У.А.К. Выпуск 29, 1913.
14. Зобов Ю.С. Историки Южного Урала. Оренбург, 1991.

\*\*\*

В статье анализируется жизнь и деятельность И.А.Кастанье. Иосиф Антонович Кастанье является членом Оренбургской Ученой архивной комиссий

Б.С. Боранбаева,  
Батыс Казакстан гуманитарлык  
академиясының ага оқытушысы

## Ғұмар Қараш шығармаларындағы әлеуметтік мәселелер

ХХ ғасырдың басындағы казак даласындағы тап кайшылығының шиеленісі, патша үкіметінің казак халқын қанауының қүшесі, әлеуметтік тенсіздік, зорлық-зомбылық, казак халқының тұрмыс тіршілігінің мешеулігі, әйел тенсіздігі сиякты көптеген әлеуметтік мәселелер Ғұмар Қараш шығармаларында басты көрініс табады. Ағартушы акынның шығармашылығы туралы белгілі ғалым Е.Ысмайлов: «Омардың (Ғұмартың – Б.Б.) 1905 жылға дейін және одан кейінгі дәүірлерде жазған шығармаларында ылғы кайталап келіп отыратын такырыптар: патша үкіметінің отаршылдық қысымына, казак халқының жаксы жер, ата конысынан айрылғандығы, саяси бостандықтың аңсау, халыктың ғылым, өнер жолына үндеушілік, елді билеу жүйесіндегі әділетсіздіктерді әшкерелеп, батыл сынау, әйелдің бостандығы» [1].- деп нақты пікір білдіреді.

Әкеден жастай жетім катса да, Ғұмар ағайын туыстарының камкорлығымен ауыл молдасынан оқып, хат танып, саут ашады. Кейін дұрыс молдалардан. Жалпактал каласында Ғұбайдолла Галікеев хазіреттен дәріс алдып, сол кісі ұстаган медресені бітіреді. Үздән сон 1902-1910 жылдары өзі тұып өскен ауылында, Тіленшісай, Борсы мекендерінде жәдітше (жанаша) бала оқытады [2].

Казак халқының болашағы үшін аяnbай тер төгіп, қажымай – талтай енбек еткен Ғұмар Қараш 1911-1913 жылдары әуелі Орда да кейін Орал каласында Е. Бұйрынмен бірігіп «Казакстан» газетін шығарады.

«Казакстан» газетінің 1911 жылы 16 наурыздағы санында «Газет деген не зат?» дейтін макаласында ол «Бізді бір ниет, бір тілекке жиятұғын зат – газет! Сол себепті газет біздін басшымыз! Газет біздің достар алдында – көркіміз! Дұшпандарға карсы құралымыз! Газет біздің білмегенді көрсететін ұстазымыз! Газет біздің караңғыда жарық беріп, тұра жолға салатын шам-шырагымыз!», - [3] деп жазды.

Халық ағартушысы Ғұмартың «Казакстан» газетінің беттерінде жарияланған макалаларының идеялық мазмұны-халыктың білімге шакыру, көшпендейтік салтынан арылып, кала сатып, өнер мен ғылымды дамыту мәселелері. Казак халқының келешегі үшін

отырыкшы өмірдің прогрессивті мәнін: «Көшпе халінде жүріп казак жұрты ешбір уақытта. өнерлі, білімді ел болмайды, білімсіз ел тендік таппайды. Неге десен, ол ел надан болған сон пайдалы мен зиянды айырмайды. Өз қалқын өзі сактай алмайды оған ит те жау, құс та жау, онын еншісіне душар өзара белінгендік, бәсеке, арасынан отырган білімді жұртқа кол болу-жұтылу, акыры діні, күнінен бірдей айырылып, сымпиып құру, жок болудан басқа еш нәрсе тимейді».- [4] деп түсіндіреді.

Баспасөз тарихынан мәлім, Батыс Казакстандағы «Қазакстан» газетімен тұстас Мұхамеджан Сералиннің басшылығымен 1911 жылы Троицкі қаласынан «Айқап» журналы шығарылады. Негізгі қызыметі ұлттық мұддеге негізделген, идеялық бағыты ұксас «Қазакстан» газеті мен «Айқап» журналының бетінде Ғұмардың елді отырышылыққа, өнер, білімге үндейтін макалалары жиі-жиі жарияланып отырган. Ол «Айқап» журналында басылған макалаларында казак қалқының коныстынаң кала болуын жектады. [5]. «Айқап» журналы мен «Қазақстан» газетінің бағыт-бағдарлары мен жабылу себептері туралы зерттеуші К. Атабаев: «Журнал мен газеттің максат-міндеттерінің бірлігі, олардың мазмұн жағынан да жақын болуына әсер етті. Екі басылымға да тән ортак тақырыптар: оку-ағарту, білім беру, гылым, өнер үйрену, жер, отырышылық, әйел тендігі, шаруашылық жүргізу, әдеп-ғұрып, салт-дәстүр мәселелері, надандыққа және партиялық бүліншілікке карсы құрес, т.т. болды. Екеуін де ғасыр басында ұлт алдында тұрган отырышылыққа көшу, кала болып тұру, бас косу сиякты казак зиялыштарының арасында талас тудырган мәселелерде бір позицияда болғандығы белгілі және екеуі де қаражат жетіспеуіне байланысты өз шығарымдарын тоқтатты» деп жазды [6].

Халық жанашыры Ғұмар Қараш «Қазакстан» газетінде қызыметтің аткара жүріп, 1911-1913 жылдар аралығында Уфа, Казан қалаларында «Өрнек», «Карлығаш», «Бәдел қажы», «Тұрмыш», «Бала тұлпар» сиякты енбектерін бастирып шығарады. Ағартушы ақынның енбектерінің барлығында сол замандағы көкейтесті мәселелерді көрсете біліп, казак еліндегі кордаланып жаткан әлеуметтік, саяси, экономикалық, құқықтық кайшылықтарды шешудің өзіндік жолдарын ұсынады. Мәселен ақынның «Карлығаш» жинағында:

Жалқау жұрт калған кейін казак қалқы,  
Өнер жок, білігі жок, казак жарты  
Қолданған өнерлері осы күнгі  
Ойын ойнап, ішкі ішіп, жасы-карты.  
Білмейді әдел - әркім, дінін, күнін,

Жок шығар хайуаннан ешбір паркы.

Ұрылық, ұтсыздық, бұзыктықта.

Ешбір ел пар келмейді, казак жалқы,- деп өнер-білімге ұмтылмай  
енжар отырған казактың қырсыздық-жатқаулығын ашына жазады.

Ал ақынның «Бала тұлпар» енбегінде :

Тыңда, казак сөзімді.

Есірке ұл мен қызынды.

Жатышылкта шірітіп,

Талатпа бағлан қозынды.

Білім, өнер каруын.

Құралданып бойына

Жігер жағат қылышын

Ғибратпен ұстап кольна.

Әзірлен, казак әзірлен.

«Тіршілік» деген соғыска-, деп казак еліне сол дәүірдегі ен  
кажетті бір нәрсе оқу, өнер екендігін мензейді [7].

Ғұмар Қараштың 1914 жылы Орынбор қаласынан шыккан «Аға  
тұлпар» жинағында:

Жеткен емей немене:

Мынау казак деген жұрт

Кен дағаға жайылып

Анғырт өскен ел едік.

Кезінде елмен тен едік.

Күні бүтін болғанда

Ол коныстан айырылып

Қанатымыз кайырылып,

Каждың тұрған ел едік. -[8] деп XX гасырдың басындағы отарлық  
саясаттың керітартпалығынан артта қалған казак елінің мүшкіл халі,  
жер-су мәселелері пәлсәпталық терен ой мен суреттеледі.

Сондай-ак казак халқының арасына іріткі салып, қикілжін  
туғызып отырған орыс үкіметінін сайлау жүйесін, «бөліп ал да, билей  
бер» саясаттың тұркі максатын түсінбей атак, бак дәреже үшін  
орынсыз мал шашып, елдін мазасын атып, болыстыққа таласумен күн  
өткерген байтардың қылыштарын «Аға тұлпарда»:

Замана азған шағында

Мұндай да мұндай хал болды.

Ел ағасы пан болды.

Адалдық, актық білмейді.

Ары, діні мал болды.

Елге намыс келтірді

Елді шағып өлтірді.

Алым, пара аны үшін  
Жетім-жесір жылатты.  
Аз гана күндік бак үшін.

Халқын сатты, құл етті, - [9] деп әшкерелеп сынға алады.

Ғұмар Қараш ұлт бостандығын армандағы отырып, казак жастарын, окуга, білімге, талапты іскерлікке, өнімді еңбек, кәсіпке шакырса, екінші жағынан казак тарихындағы Сырым сиякты батырлардың ерлік дәстүрін үлгі етіп жырга косады. Халық азаттығын көксеу идеясы тұрғысынан 1911 жылы жазған даңкты Сырым Датұтының өмірі туралы поэмасында:

Кешегі өткен заманда.

Кіші жұздін елінде.

Өзі батыр, өзі би

Сырым деген ер болған

Халқының камын жер болған. -[10] деп Сырымның халық камкоры болғандығын үлгі етіп көрсетеді. «Сырым батыр» дастаны туралы зерттеуші Е.Ысмайлұ «Сырым батыр» дастаны тарихта болған халық батыры Сырымның бейнесін жырлаған, халыкты Сырымдай батыр болуға, ар намысты жанға бермей ерлікпен өлуге шакырган жыр» деп нақты пікірін білдіреді.

Ғұмартың «Ойға келген пікірлерім» енбегінде адамгершілік, кайырымдылық сиякты нігі касиеттермен бірге күні бүгін басты манызға ие болып отырган елжандылық, отансұйғаштік тәрбиесі туралы: «Отан, ұлт мәселесі баршага ортак әр кісінің өзіне тиісті борышы бар. Әрбір кісі когамның мүшесі екенін сезіне отырып, өзіне жүктелген қызметті аткаруға міндетті. Әрбір адам өзінің халқы үшін қызмет етсе, оның ісі үй-ішінде де, ағайын-туысына да, халқына да пайдалы болады. Демек, Отанды, ұлтты жаңырту үшін әр адам өзіне тиісті істі сеніммен аткаруы керек» [11], - деп салиқалы ой тастайды.

Сонымен катар ақынның бұл кітабында сол замандағы әлеуметтік ортада кездесетін адамдардың мінез-құлқына катысты мәселелер төнірегінде: «Кейбір адамдарда өркөкіректік мінез туа бітсе, кейбіреулерде теріс тәрбие негізінде пайда болады. Мәселең, ұрылар ұрлықты ерлік деп те түсінеді. Арап ішуді, құмар ойнауды еткендер оларды жағымды іс санайды. Адамдар жаман, жаксы іс паркын ажыратса, онда ешқашан да жаман іске аяқ баспас еді», - деп адамды аздырар қылқтардың барлығы нағандықтың әсері екенін ашына жазады.

Ал, ігілік пен жаксылық істер жайында «Рухани жағынан бірін-бірі қолдап отыру – адамның ен жаксы касиеті. Адам

абыройынын артуы, сөзінін етімді болуы онын жаксылық істеріне байланысты, жаксылық адамдардың өз көліндегі дейтініміз осыдан». - деп тәрбиелік мағынадағы ой-толғамдарын жеткізеді.

Ғұмар Карап шығармашылығындағы негізгі сарын – ағартушылық идеялық бағыт. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының зардабын тани білген Ғұмар казак халқының басындағы бакытсыздық өнер-ғылымға көнделіктен деп түсінеді. Өзінің «Тіршілік таласы» деген макаласында «Қазак халқының мұндай халға түскені жоғарыда айтылған тіршілік таласына әзірленбей жайын наданшылықта жатқандыктан. Егер үйкымыздан бас көтермей бұрынғыша жата берсек, шексіз тез заманнан дүние жүзінен көшпекпіз. Сол себепті, дүниежүзінде қалғымыз келсе, адам баласын гәйрі жан иесінен бір адамды бір адамнан артық еткен ғылым. өнер үйреніп, өзімізден ілтері кеткен халықтармен катарапасуға талап ету ітис. Ғылым, өнер иесі адамдар. яки халықтар тіршілік таласында үстем болып, надан, өнерсіз қалғандар әр түрлі кемшіліктегі ғұмыр кешірумен жарлылық, су құйылмаған теректей болып қурап ақырында дүниежүзінде өзі түгіл атағы да қалмайды». - деп көрсетеді [12].

Негізінде тек білімді ұлт кана құресте жеңіске жетіп, басқа мемлекеттермен тен дәрежеде өмір сүре алады. деген ойын атальыш макаласында былайша тұжырымдайды: «Ата бабадан келе жаткан жалқаулықты тастан, тәуекел ердің жолдасы деп ғылым. өнер жолына түсіп, бүтін жұрт үлес алтып жаткан дүниеден бізге де үлесімізді алу керек» [13].

Ғұмар Караптың өмір жолы мен шығармаларын барлатп. байыттап караганда кез жеткізетін бір ерекшелік – онын өз кезеңінің сан-салалы алеуметтік келелі мәселелерін көтере білгендігі.

Ғұмар Карап казактың ұлттық болмысын ана тіліне байланыстыра карастырады. Патша өкіметінің өз қарамағындағы ұлттардың мәдениеті мен тілін әдет-ғұрпы мен дінін жоғалту бағытындағы отарлық саясатын «Патша үкіметінің ұлттар тұрмысын көріп, оларды көгерпіл, көркейтүмен ісі болмайды: ол әрдайымда халықка көтере алмастай оларды өзінін мейірімсіз тырнағын да тілегенінше жаншумен болды. Нәм миллиондаган халықты, әсіресе, шет ұлттарды, қалайша қаранғылық пен аңсыз аюандықта өз пайдаларын білмestей меніреу, керектерін сұрай алмастай мылқау етіп ұсташа камында болып сонымен ғана шұғылданады. Патша үкіметі шет ұлттарды аздап болса да ағарту, олардың ғылым. өнерде артта қалғандарын алға бастыру туралы тіпті де кам жеген жок» [14]. - деп ашына әшкелейді.

Халық камкоршысы Ғұмардың ерекше толғанатын мәселесі – ұлт және туған тіл.

«Халыктың өз тілінде білім, өнері болмаса, ол халыктың тілі бұзылып, өзгереді һәм көршилес күшті халыктың өз тілімен әсірелеп, соған кол болады. Содан кішкене ұлттардың ескі тілі өзінін ескі барлық мәнін жояды, һәм жылдам ұмытылады» [15]. - деп патшаның отаршылдық саясатынан тіліміздің құрып бара жатқанына зарлана дабыл қағып.ана тілімізді құрметтеу және дамыту қажеттігі жөнінде бұдан 70-80 жыл бұрын-ак көрегендікпен айтып үтіт-насихат жасаған.

Ғұмар Карапаштың айқын да ашық айтатыны «Ең әуел ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесен, онда сен ол ұлттың баласы емессін. Ана тілін білмей тұрып, ұлт білімін ала алмайсын. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ак белгілі. Әдебиеті жок ұлттың, өнері де өршімейді».

Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Яғни, ол ұлт бүтіндегі өлген, жоғалған ұлт болады.

Тіл сактауға мүмкін болғанда, тіл сакталуға тиіс. Біз тілімізді канша сактасак, ұлтымызды да сонша сактаған боламыз [16].

Сонымен бұл айтылғандардың бәрі Ғұмардан кейінгі өмір шындығымен расталды.

Тіл – ұлт болудың бірінші белгісі, әрі оның тіршілік құралы. Өнер мен мәдениеттің, ғылыммен шаруашылдықтың тұтқасы екен. Ғұмар тіл білімі мен Қазак педагогикасының негізін салған Ұлы тұлға [17].

Ғұмар Карапаш шығармаларында әйел тенденция мәселесіне көп көңіл беліп, әйел құқын аяққа таптастын керітартпа ескілік көзқарастарға сын пікір айтады.

Ұлт жанашыры Ғұмардың пікірінше әйел құқы, әйел тенденция, бостандығы аяққа таптаған қоғамда саяси бостандықтың болуы да мүмкін емес. Ойшылдың «Әйелдер хакында», «Өтініш» атты макалаларында «Тас жүректерді де ерітетін, рахымсыз көздерге де жас келтіретін кайғылы халдердің бәріне де біз Русия мұсылмандарының катын-кызы әлемінде ұшырадық».- деп әйел құқы мен бостандығына ерекше көңіл аударады.

Ен бағыты «Баспа арқылы барлық көпшілікке, оқырман қауымға арналған неке туралы занды қабылдау шарт. Мұндай зан болмайынша неке мәселесі дұрыс болмайды», - деп сол кезеңдегі казак әйелдерінің аянышты халін ескере отырып, неке туралы зан кодексін қабылдау шағындығын алға тартады.

Сондай-ак Ғұмардың діни қағидалар мен шаригат зандарына негізделіп, коғамды ойды өзгертуге бағытталып айтылған идеялары халыкты имандылыққа, өркениеттілікке жетелейді деп көрсетеді.

Діни білімді қайраткер Ғұмардың пікірінше, шаригат зандарынан туындастын имандылық негізінде қалыптасқан ар-ождан дағдарыска ұшыраса, онда қандай мықты мемлекет болмасын, ол мемлекеттің тыныштығы бұзылып, қылмыс пен теріс қылқытар көбейеді деп тұжырым жасайды.

Сондыктан, Ғұмар Карап енбектеріндегі сараланып көрсетілген адам іздікі, әйел тенденция, дін және имандылық тәрбиесі сиякты өзекті мәселелер арада елеулі мерзім еткендігіне карамастан, бүгінгі тәуелсіз Қазак елі үшін де әлі өз маңыздылығын жойған жок. Ғұмардың ислам жөніндегі кезкарасын елendirі мен кітап құйінде жарияланған пәнсапалық ой-толғамдарынан һәм макалаларынан айқын тануға болады. Ойшылдың 1911 жылы «Шора» журналының № 14 санында жарияланған «Дін Исламның жаксылықтары жәйлі» макаласында «Ислам дінін тек ахирет үшін ғана емес, бүл дүние үшін де маңызы бар», - деп түйінді пікір айтады. Ал «Ойға келген пікірлерім» атты пәнсапалық ой толғамдарында ислам діні туралы: «Құран кәрімнің айтуы бойынша дін жалған нәрсе емес, адамдардың, шын табиғи сенімі. Бұған қарағанда ешқандай адам дінсіз Әмір сүре алмайды»... «Біздің халқымыз ақиқат дінді ұстаса, біз надан, жалқау бол қаранғылықта қалмаган болар едік, ұрлық, киянат, арак ішу, карта ойнау сиякты халыкты бұзатын қылқытардан ада болар едік.»... Діннін өзі адамдарды дұрыс сақтай алады. Дұрыс жолға бағыттайтыды. ...Ислам діні жолын дұрыс ұстай білуіміз керек» [18]. - деп өнегелі ой тастайды.

Міне, ислам дінін тәрбиелик һәм әлеуметтік маңызын Ғұмар осылай байыптаиды. Ақын ой-пікірлерінің дұрыстығын жетпіс жыл бойы дінінен, әдет-тұрпынан ажыrap қалған халқымыздың жар басынан құтап кете жаздаған жаралы, қасіретті тағдырының өзі дәлелдеп отыр [19].

ХХ ғасырдың басындағы маңызды саяси мәселелердің бірі жалпы казак сиезін шакырып ұлттық автономия құру оқиғасы болды.

Қай уақытта да тарих коғам үшін енбек еткен тұлғалардың енбегін жокқа шығармagan. Онын дәлелі II жалпыказак сиезін ұйымдастырушылар Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М. Дұлатов, А.Бірімжанов сиякты тұлғалар Ғұмар Карапты казак зияльдарының арасындағы беделді тұлға есебінде, сиез жұмысына катынасуын өтініп, М.Шокайұлы. Халел және Жанша Досмұхамедовтармен бірге шакыру қағазын жіберген [20].

Ғұмар Қараш сиездін ашылу күні Ә.Бекейханов, Х.Досмұхамедов, Ә.Кенесаринмен бірге сиез төрағасы болып сайланып, оны жүргізу құқыгына не болған Бактыгерей Құлмановтың орынбасары болып сайланады.

Кенес үкіметі орнағаннан кейін саяси кайраткер ретінде танылып, партиялық және Кенес органдары қызметінде болды.

1919 жылы Ресей демократиялық (кейінгі большевиктік) партия катарына етеді. Өзінің 1919-1921 жылдар аралығындағы жазған макалаларында коммунистік идеяны, жана замандағы кедей шаруауын орнын, Кенес өкіметінің жана максат, міндеттерін түсіндіріп, болашакка үлкен сеніммен карауға шакырады. Осы тұста кайраткер ақынның «Екеуі еki басқа» деп аталатын еңбегінде: «жұмыскер табынын тұтқан жолында «Ұластыру» деген максат бар. Оның мағынасы бүкіл мемлекеттің жерін, сүйн, зауытын, байлығын, кенин, жұмыс істейтін күшін, т.б. керекті нәрселерін «Халықтың ортақ мұлкі» деп тану және танығанда құр сөзben емес іспен жарықта шығару, мәселен, қаладағы зауыттар байлардың өз колында тұрса, зауыттар деген сөзден еш нәтиже шықпайды. Ал енді ол зауыттар Советтер колына көшсе, халық тұрмысы етеліп тұрса, міне бұл жарықта шықкан болады» деп жазады. Бұл тұрғыда оның осы жылдары жазылған «Тұр казак» атты өлеңінде казак халқын Ленин туы астына бірігүе шакырып.

Тұр казак! Аш ұқынды бетінді жу!

Керілме, киін шашпан, белінді бу!

Жарқылдат қылыш, мылтық каруынды

Желкілдеп колына ал сен қызыл ту.

Тамшыдай таза каның қалған болса,

Жауынгер Ленин бабаң шын жолын ку! - деп халқына ұран тастайды.

Жалпы когамдық саяси өмірде болып жаткан тұрлі құбылыстарға белсene араласқан Ғұмар Қараш XX ғасырдың басындағы қалыптасқан социал-демократиялық идеяларға ұлт-азаттық құрестер. ұлттық ояну мен жанғыру идеяларына бой ұрган, ұлт мұддесін ойлап, өзінің енбектері арқылы халқын ағарту шылыққа шакырган кайраткер ретінде таныла білді.

Корыта айтканда, бүкіл саналы өмірін мемлекет, когам ісіне арнаған Ғұмар Қараш өз заманының құрбаны болды. Бірак өз заманының шенберіне сыймай, ой дәрежесіне, талаптарына көнбей, асқан даналық таныткан кайраткерлерді тек тарих бағалайтыны, асқактататыны - когамның зандылығы. Бұл зандылықты барлық ұты кайраткерлер мен ғұламалар бастарынан кешіргеніне тарих күэ.

Ғұмар Карап та осындай тұлға. Казак елінде дүниеге келген алаш азаматының халқы үшін сінірген енбекін бағалап жас ұрпакка мұра етіп калдыру бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. «Елім» деп еніреген азаматын құрметтепеген, пір тұтпаған елдін болашағы, рухани өсуі күмәнді.

**Әлебиеттер:**

1. Ысмайлұев Е. XX ғасырдағы казак әлебиеті. Қолжазба. КРОММ. к., 1985. т., -1, іс-3. 115-п.
2. Сыдыков К. Абайдан кейінгі ірі классик ақын // Орал өнірі. 1993.5 маусым
- 3 Өзбекұлы С. Арыстары Алаштын. Алматы: «Жеті жарғы», 1998. 52-б.
4. Карап F. Газет деген не зат? //Казакстан. 1911. №1. 16 март. Орда.
5. Ысмайлұев Е. Омар Карапшев //Алматы ақшамы. 1998. 10 маусым.
6. Атабаев К. Казак баспа сөзі Казакстан тарихының көзі (1870-1918 ). Алматы Казак университеті. 2000. 172 б.
7. Карап .F. Замана. Алматы: «Ғылым». 1994.42-б.
8. Карап F. Аға тұлпар. Орынбор. 1914.11-б.
9. Қорсетілген енбек 11-б.
10. Карап F. Замана. 54-б.
11. Бұл да сонда 168-б.
12. Бұл да сонда 211-б.
13. Бұл да сонда 212-б.
14. Бұл да сонда 222-б.
15. Бірімжаров Б.Батыс Казакстан тарихынан XVIII-XIX г.Орал.2002. 105-б.
16. Карап F. Замана. 223-б.
17. Қенжатиев И. Ғұмар Карап. Орал. 2004. 136-б.
18. Максат- Тәжмұрат. Ғұмар Карап. Актөбе. 2004. 135-б.
19. Сыдыков К. Тайталас тәгдыш кешкен. //Социалистік Казакстан. 1983. 15 желтоқсан.
20. Алаш Орда. Сб. Документов. Алматы.1992. 64-65-б.

\*\*\*

В статье анализируется ряд произведений Гумар Карапа, в которых рассматриваются социальные проблемы казахского народа.

\*\*\*

In the article the author analyzes a number of Gumar Karash's works in which social problems of Kazakh people are revealed.

С.М. Гиззатов,  
М.Өтемісов атындағы БҚМУ ізденушісі

## 1845 – 1854 жылдардағы Бекей Ордасындағы салық жүйесі және әлеуметтік жағдай

1801 жылы Еділ мен Жайық өзендерінің төменгі ағысы аралығында. Ресей мемлекеттік шекарасы аумагында казактардың жана этносаяси бірлестігі, яғни Ішкі немесе Бекей хандығы құрылған еді. Атальыш хандықтың негізін Бекей сұltтан салып, 1812 жылы ресми турде хан атағына ие болған еді. Одан соң еді Шыгай сұltтан (1815-1823) мен Бекейдің ұлы Жәнгір хан (1824-1845) билеген болатын. 1845 жылы Жәнгірдің елімінен соң Ішкі Ордада хандық билік калпына келтірілmedі, ал 1850 жылдардың ортасында патшалық үкіметтің тырысуымен толыктай жойылды.

Осынау бір жарты гасырдай уақыт өмір сүрген Бекей хандығының саясі, әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірі қолтеген ғалымдардың қызыгушылығын туғызып, белгілі бір дәрежеде зерттелген де еді. Революцияға дейінгі кезеңнің өкілдері К.Ф.Фукс, К.Гебель, Я.Ханыков, М.Небольсин, М.Иванин, А.Алекторов, кенестік кезеңнің өкілдері А.Ф.Рязанов, В.Ф.Шахматов, Б.Аспандияров, С.Зиманов, тәуелсіз Казакстанның зерттеушілері М.Қозыбаев, И.Кенжалиев, Т.З.Рысбеков, Б.Қ.Бірімжаров және тағы да басқа қолтеген авторлардың еңбектерін атауға болады. Алайда көбіне басты назар Бекей мен Жәнгір ханның ігі істеріне аударылып келгенін ескергеніміз жөн. Ал Бекей Ордасын басқару жөніндегі Уакытша Кенес тұсындағы оқиғалар елі де болса толық зерттеуді кажет етеді.

Бұл арада біздің козғайын деп отырған мәселе міз – Уакытша Кенес тұсындағы Бекей хандығындағы салық жүйесі, оның деңгейі мен мөлшері, ұйымдастырылуы мен жүзеге асу тетіктері. Мемлекеттік кірістің негізгі көзі болып табылатын салық – елдің экономикасының, әлеуметтік жағдайының бірден-бір көрсеткіші. Сондыктан да атальыш кезеңдегі Бекей Ордасының салық жүйесін зерттеу арқылы халықтың әл-аукатын, шаруашылығын, әлеуметтік деңгейін анық байкауга болады.

Көптеген авторлар (В.Ф.Шахматов, С.Зиманов, И.Кенжалиев, Е.Харабалин, т.б.) салық жүйесін зерттеуде Жәнгір ханның фискалдық-салық реформаларына тоқталып, Уакытша Кенес тұсындағы салық

туралы көп айтпайды. Олар не дерек көздерінің аздығынан киналады, не мұрағатта бұл хакында құжаттардың жоқтығына сілтеме жасайды. Енді кеткен олқылықтарды жана деректер көзі арқылы түзеп көрейік.

Жәнгір ханның тұсында Бекей хандығында атым-салық шамадан тыс көбейіп, қаралайым хатықта ауыр тиғен еді. Ел ішінде сол кезде атым-салықтың 25-тен астам түрі енгізілді. [1]. Атап айтсақ, соғым, «конак асы», зекет, тұяқ, баж салығы және т.б.

Жәнгір хан өлгесін патша үкіметі хандықтагы саяси жағдайды тұрактандырып қалуга күш салды. Хандық 1838 жылғы 5 ақпаннан Мемлекеттік Мұлік министрлігіне бағынышты болғандыктан, 1846 жылы 21 кантарда граф П. Киселев патшага төмендегідей шараларды бекітуі дұксынады:

1. Хандықты бұрынғыша Орынбор губернаторы мен Шекара комиссиясына бағынышты қалпында қалдыру;
2. Хандықты баскаралы Уакытша кенес құру;
3. Хан құрган зекет пен соғымды сактау, бірақ оны есірмеу;
4. Осы салықтардың түсімін Уакытша Кенестін кажетіне жаратып, қалған белігін хан жаңұясын ұстауға жұмысau; [2]

Бұдан көретініміз, зекет пен соғым негізгі салық түрі ретінде сакталып, ендігі жерде мемлекеттік салық деңгейіне жеткізілгені. Зекет мал басынан, ал бұрын ханның жеке кажетіне жұмысалған соғым енді участок бойынша жиналады (участок 15 шанырактан – 5 бай, 10 кедейден тұрды). [3]

Зерттеуші В. Ф. Шахматовтың айтуы бойынша Уакытша Кенес тұсында Ішкі Ордадан жиналатын зекет мөлшері – 68 522 сом 86 тиын, ал соғым мөлшері - 8 982 сом 85 тиын болды. [4]. Оның бұл мәліметімен келісуге болады, себебі Орынбор облыстық Мемлекеттік мұрағатынан табылған архив мұны растайды.

Алайда атамыш салық түрлері кедейленген Орда казактары үшін ете ауырға согады. Қазынага салық белгіленген мөлшерде түспейді, яғни толымсыздық байкалады. Мұны төмендегі кестеден - Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уакытша Кенестін акша түсіндері туралы 1854 жылғы жасалған Бас есебінен көруге болады. [5]

Зекет			Соғым		
1854 жылы түскен зекет	СОМ	ТИЫН	1854 жылы түскен соғым	СОМ	ТИЫН
	56466	7		4 674	58 3/4
Толымсыздық (недоимок)			Толымсыздық		
1845	1 088	11	1845	124	89
1846	212	4	1846	118	5

1847	533	52	1847	94	17
1848	524	32	1848	61	94
1849	764	76	1849	77	14
1850	346	86	1850	191	26
1851	186	61	1851	232	56
1852	3 288	66	1852	331	96
1853	1 528	39	1853	1 776	19
Барлығы	8 473	34		3 008	16

Уакытша Кенес канша тырысқанымен де салық мөлшерін тиісті дengейде жинаи алмады. Эрине, оның өзіндік себептерінің болғаны да сөзсіз. Хандықтағы басқару жүйесін және ханының барлық жаңұсының ұстауға жұмысалатын каржының кайнар көзі саналатын зекет пен соғымының мәндей халі Орынбор губернаторының, Орынбор Шекара комиссиясын да алаңдатты. Үнемі салық толымсыздығының себебін анықтау, жергілікті казактардың тұрмыс-тіршілігімен, жағеттілігімен танысу үшін 1853 жылды мамыр айында Ішкі Ордаға Михаил Игнатьевич Иванин (1801-1874) жіберіледі. Ол өзі этнограф, бас штабтың полковнігі, Мемлекеттік Мұлік министрлігінің жергілікті кенесшісі, кейіннен Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уакытша Кенестің төрағасы (1855 жылдың 8 желтоқсанына дейін) болды.

1854 жылы 18 карашада генерал-губернаторға жазған баянатында М. И. Иванин Ішкі Ордағы кіріс-шығыс жайын былайша жеткізеді: «Былғы жыл үшін салықтың толымсыздығы 15 300 сом құмісті құрайды. Құзғі жәрменкеден сон бұт соманың жартысы казынага тусуі тиіс; ал калған жартысы жиналмайтын шығар, себебі: 68 994 сом зекет пен 8 953 сом соғым мөлшері Жәнгір хан казасы кезінде белгіленді. Бірақ мал қырғынға ұшыраған сон, яғни Ордағы майдың  $\frac{1}{4}$  бөлігі қырылғаннан кейін бұрынғы жылдардағы салық жетіспеушілігін толтырубының тұрсын, биылғы жылдың мемлекеттік карызының кайтарылуы мүмкін болмай отыр». [6]

Катарынан он жыл бойы (1845-1854) салықтың белгіленген мөлшерде казынага түспеуі халықтың әлеуметтік құйылғаннан әлі шыға коймалғандығын білдірген еді.

М.И.Иванин салық толымсыздығының негізгі себептерін төмөндегіше көрсетеді:

I. Әрбір ру мен бөлімдерге жүктелген алым-салық мөлшері Жәнгір ханының каза болған жылындағыдай өзгеріссіз калды, бұл жүктеме жыл сайын ру мен бөлімдерге жіберіліп отырады. Старшындар өзіне жакын немесе өзіне керек адамдарды манайына жиып алып, кімнен канша алым алу керек екенін ауызша шеше салады. Бөлімдердегі казактар бір-бірінен 100-200 верст кашыктықта

орналаскан. Старшындардың алым-салыкты асыра жинайтынына күмән келтіруге болмайды. Оған коса Жәнгірдің өлімінен кейін ру бөлімдеріндегі кіз үй мен мал саны өзгеріске ұшырады. Қазіргі зекеттің мелшері мынадай:

Түге мен жылқыдан – 70-150 тыын;

Ірі карадан – 30-100 тыын;

Кой мен ешкіден – 5-15 тыын;

Ал соғым әрбір шаңырактан 1-4 сом көлемінде алынады.

2. Орда жерінде рулар шашыранкы орналасқандықтан салыктың борыш болып калған бөлігін рубасылар мен старшындарға жинау киынга согады. Егер де старшындар жәрменке кезінде салык борышын толтырып үлгермесе жағдай одан әрі киындаі түседі. Алты жерлердегі тұрғындарды іздеу әрі колайсыз. әрі пайдаласыз. Себебі казактар старшындарды көре сала тез арада жасырынып, не кашып кетіп отырады.
3. Бұл алым-салыктарды есептеуде нактылыктың болмауы. 1845 жылдан бері қарай кейбір старшындар дүниеден өтті, басқатары биліктен аластыйлды: алым-салыкты жинау былай тұрысын, кай бөлімде қанша борыш барын дәп басып айта алмайсын. Тек 103 старшын өз бөлімдері бойынша толық ақларат бере алады. 16-старшында алтынған акшаны жасырып калған деген күмән тұр және 105 старшын өз бөлімдері бойынша қанша карызы барын білмейді.

Атальыш алым-салыктардың бір бөлігін старшындар мен рубасылар өздері жылқырып калатын секілді. Бұлардың сонғылары Жәнгірдің тұсында ханға экелген табысының жартысын алтын-ды, оған коса оларға сыйакы ретінде 300-ден 500 сомға дейін акша төленді. Ал қазір соғым да сыйакы да алтаған сон олар кенсені ұстап тұру, хатшыларды жаңдау және жұмыс бабымен келетін казактарды тамактандыру үшін жиналған алым-салыктың бір бөлігін пайдаланатыны сөзсіз.

4. Салыктан босатылған ен бай казактардың – сұлтандар, тархандар, кожатар, молдалар, старшындардың көп болуы. Кейбір бөлімдерде старшындардың көмекшілері мен туыстары, ықпалды адамдар малшыларына дейін салык төлемейді. Осыған байланысты ауыртпалық кедей-кепшіктердің мойнына түседі.
5. Басқа рулардан бай санаатын Ногай руының салыкты дұрыс төлемеүі. Жер көлемі мен саны бойынша өзгөтерден ок бойы озық бола бұл рудын 27 мын сомдай карызы бар. Жәнгір хан көзі тірі кезінде олардың бұл кылтығын жіңі кешіріп отырган. Сондықтан бұл руды тәртіпке салу кажет. [7]

Ішкі Ордада болып, бүкіл жағдайды болжап, бажайлаған, көзі ашық, көкірегі ояу патша шенеунің М.И.Иваниннің бұл мәліметімен келісуге болады.

Жоғарыдағылардан байқайтынымыз, 1845-1854 жылдардағы салық жүйесі үлкен дағдарыста жатты. Жиналатын алым-салыктың мөлшері азайтылса да мемлекеттік кіріс ойдағыңай жүзеге аспады. Жәнгір жүргізген катан салық саясатының іргесі сөгілгенімен Ішкі Орда тұрғындары сол баяғы киын алеуметтік жағдайда кала берді.

#### Әдебиеттер:

1. И. Кеңжалиев. Бекей Ордасы (1801-1850) , Орал, 2002, 77 бет
2. Бекей Орда тарихы. Орал, 2001, 45 бет
3. Ф. Харабалин. XIX ғасырдағы Бекей Ордасы. Орал, 2004. 131 бет
4. В. Ф. Шахматов Внуренняя Орда и восстание Исатая Тайманова. Алма-Ата-1946, 67 бет
5. РФ Орынбор облыстық мемлекеттік мұрагаты, кор-222, тізбе-2, іс-5, парап - 16, 17
6. РФ Орынбор облыстық мемлекеттік мұрагаты, кор – 6, тізбе-10, іс- 6 882, парап-1, 2
7. РФ Орынбор облыстық мемлекеттік мұрагаты, кор – 6, тізбе-10, іс-6 882, парап-57, 58, 59.

\*\*\*

В данной статье рассматривается налоговая система Букеевского ханства в 1845-1854 годах. А также ее влияние на социальное положение людей в обществе.

\*\*\*

The taxation system in Buksi chanate in 1845-1854 years is shown in this article. And also its influence for social status of people in the society.

УДК 94(574) «18/19»:316.334.3

Есетов Н.Е.,  
АкГПИ, аспирант

## Социальное положение Актюбинской области во второй половине XIX – начале XX вв.

Вторая половина XIX – начало XX веков в Отечественной истории знаменуется как период проникновения российского капитализма и торгово-рыночных отношений в казахскую степь. Казахские бан

активизировали торговый обмен с Россией. Род торговый обмен между Российскими и казахскими купцами, в которых была заинтересована местная байская верхушка. Увеличивалось количество скопщиков-алтыпсатаров в области. Все эти факты сильно изменили экономический процесс развития казахского общества.

В связи с развитием капиталистических отношений происходили серьезные изменения и в социальной структуре казахского общества. Стали разлагаться старые устои патриархальных отношений и обострились классовые противоречия внутри аула. Прежде всего, это сказывалось в следующем: в противовес всей байской знати, теперь баями стали называться те группы социальной прослойки казахского общества, которые были втянуты в водоворот товарно-денежных отношений [1].

Отметим, что в новых байских хозяйствах применялись наемный труд, улучшенные сельскохозяйственные машины. Бан часть своего капитала вкладывали не только в торговлю, но и в аренду земель. Следовательно, на рубеже двух веков казахское байство стало представителем зарождающегося местного торгового предпринимательства.

Крайне тяжелое положение казахских шаруа вызвало ряд недовольств, выражавшихся в разного рода сопротивлениях царской администрации и байству. Притеснение в связи с переселенческой политикой и отводы более плодородных земель у казахских землевладельцев и скотоводов привело к обострению настроений народных масс.

В связи с обострением социальных отношений в ауле и, прежде всего, из-за усиливающегося неравномерного распределения пастищных угодий, активизировалось народное недовольство. Многочисленная борьба аула выступала против купачества и феодалов, чтобы в дальнейшем не допустить насилиственного захвата ими пахотных и сенокосных земель. Об этом свидетельствуют факты, приводимые в жалобах казахов. Так, казахи аула №1 Хобдинской волости и аула №2 Каракобдинской волости, Актюбинского уезда отказались допустить людей землеотводных партий к работам по определению и ограждению необходимых для переселенцев участков [2]. Шаруа этих аулов выступили против царских чиновников и изгнали их со своей земли. Местные власти попытались применить карательные меры, но шаруа волостей, поддержаные трудящимися других аулов, представляли такую силу, которая могла всколыхнуть всех против изъятия земель царским правительством. Тогда царские чиновники пошли на уступки местным крупным землевладельцам –

баям и склонили участников на компромиссное решение возникшего волнения. В связи со сложившейся обстановкой вице-губернатор области Леонтьев вынужден был прекратить все виды работ по отводу необходимых земель, отзовав работников переселенческого управления в Оренбург [3]. Однако работы по определению необходимых участков для вновь прибывающих переселенцев не были прекращены.

Царское правительство стремилось любыми средствами ослабить силу всеобщего недовольства казахских труженичихся масс. Но на деле продолжалась политика бесцеремонного отчуждения лучших земельных угодий у местного населения. В ответ на этот шаг казахи-шаруа Саройской, Кинаральской и других волостей обратились со специальной телеграммой к губернатору с просьбой об окончательном прекращении землеотводных работ, угрожая открытым выступлением [4]. На этот раз вместо ответа последовала угроза о применении силы. Она подкрепилась возможностью репрессивных мер со стороны казачьей полусотни, которая находилась в боевой готовности в Кустанае.

Народные массы не прекращали борьбы: они выступали против баев, борьба переносилась в аул. Основным содержанием социальных противоречий в казахском ауле была борьба за землю. На разных этапах она принимала различные формы. Тяжелое положение казахской бедноты усугублялось, прежде всего, вопиющими злоупотреблениями баев, чтобы выжить из бедноты как можно больше налогов и различных поборов. Общинная форма землепользования привыкла и маскировала развитие капиталистических отношений в ауле, но и она не в силах была остановить этот процесс. Община поддерживалась государственной властью, ибо она была выгодна царскому правительству как средство, обеспечивающее получение непомерно высоких налогов и позволяющее держать казахских труженичихся в повиновении на основе круговой поруки.

Казахские шаруа, находившиеся в трудном положении, поднимались на борьбу против баев и представителей самодержавной власти. Бан со служилыми людьми, пытаясь подавить движения, возникшие на аграрной почве, прибегали к использованию «родовых связей» и поддержке местной власти. Однако угнетенные массы не прекращали свою борьбу за землю. Ибо захват общинной земли байством, лишение скота, непосильные налоговые поборы тяжело отражались на положении аульной бедноты. Можно привести немало фактов насилиственного захвата баями бедняцких земель: помимо летних пастбищ отбирались и зимовки. Например, казахи аула №1

Наурзумской волости Кустанайского уезда в прошении, направленном областному начальству, писали, что они лишились земель, отнятых у них в угоду богачам Чулаковым. Доведенные до отчаяния лишением зимовки и земельными притеснениями они грозили «кровавым столкновением» в случае, если им не будут оставлены зимовки [5]. Подобные возмущения, вынуждавшие казахских бедняков к действиям, имели место и в волостях Актюбинского, Тургайского уездов. Отчаявшись найти справедливость, трудающиеся массы жаловались на волостных, которые держали в зависимости всех своих одноаульцев и не внимали их насущным требованиям [6].

Растущая нужда и голод заставляли казахов-бедняков обращаться к властям. Аульной беднотой за апрель месяц 1901 г. было направленно более десяти телеграмм в МВД [7]. По поручению МВД, летом того же года, в Тургайскую область прибыли представители власти Н.Пешков, Е.Смирнов и другие. В частности, Н.Пешков, выяснив положение дел в аулах, волостях Кустанайского уезда, признавал, что «жалобы казахов не лишены серьезных оснований. По существу застуживают внимания» [8]. Бедняки высказывали свои жалобы на произвол баев и местной администрации, указывали на недостаток пастибищ и падежи скота, что влекло за собой катастрофическое ухудшение экономического положения трудающихся масс.

Исследовавший историю аула в начале XX в. А.Б.Турсунбаев справедливо отмечает, что «байская эксплуатация разоряемых масс шаруа, усиливавшаяся по мере роста имущественного расслоения среди казахского населения, вызывала обострение классового антагонизма между основными классами аула. Этот антагонизм составлял основной узел классовых противоречий в казахской степи, и в нем заключались элементы революционности аула»[9]. В аулах борьба доходила иногда до массовых выступлений, порою с нанесением материального ущерба «хозяевам», убийством наиболее ненавистных из них и т.д.

В этом отношении характерно сообщение о нападении бедноты на аулы богатых казахов. Вот примеры. В ауле №1 Кара-Тургайской волости группа бедных шаруа, недовольная продолжающимся бесчинством со стороны бая Ж.Тлекина, напала на имение последнего и угнала скот, увезла разного имущества на сумму 1870 руб. 25 коп. серебром [10].

Стихийные протесты перерастали в открытые вооружение нападения на владения феодалов. Так, в сообщении от 11 августа 1906г., отправленном военному губернатору Тургайской области

отмечено: «... на урочище Карагакур в 12 верстах от города Тургая, казахи Турсунской и Чуваланской волостей, вооруженные палками, вилами, производили разрушение дома и усадьбы баев Токтабаева, Беремжанова и других. Бедняки с большой группой кинулись на самих баев, нанесли им побои нагайками и увезли собой имущество и скрылись» [11]. Бедняки заявили, что они не остановятся на этом и хотят остаться хозяевами на своей земле.

Важно отметить, что бедняки боролись за землю с особой остротой от посягательства чинов временных землеотводных партий. Бедные казахи настойчиво отстаивали свои права на землю и угодья, права на свободное распоряжение ими, вступая в открытую борьбу с чиновниками и баями, посягавшими на земли аула и волости. Беднота Саройской, Бистамакской волостей вели вооруженную борьбу за землю в аулах Кустанайского и Актюбинского уездов. Было оказано открытое сопротивление волостным управителям Иргизского и Тургайского уездов. Так, управитель Ара-Ачинской волости писал: «Мне оказано сопротивление группой казахов. Все они вооружены: имеют оружья, куряки и пики. Вооруженные требовали моего удаления из аула и, узнав о цели моего прибытия в их аул, объявили, что ничего у них взять не позволят» [12].

Таким образом, недовольства казахов в связи с отводом их земель имели место в формировании в дальнейшем новых видов борьбы. Стихийные протесты казахов некоторых аулов перерастали в массовые сопротивления, вооруженные восстания. Это было признаком того, что местное население добивалось равноправия, улучшения социального положения, уважения национальных традиций и особенностей со стороны царской администрации.

#### **Литература:**

1. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. С.298.
2. РГИА. Ф. 391.Оп.3.Д.80.ЛЛ.174-175,177; Д.600.ЛЛ.244,245.
3. РГИА. ф.391.Оп.3.Д.434.ЛЛ.15.16; ЦГА РК.Ф.64.Оп.1. Д.3578.Л.198.
4. РГИА. ф. 1284.Оп.194.Д.91.Л.3; ЦГА РК. Ф.64.Оп.1.Д.3578.ЛЛ.197,198.
5. РГИА. Ф.1273.Оп.1.Д.417.ЛЛ.160.285.
6. РГИА. Ф.1291.Оп.84.Д.48.ЛЛ.2.3.
- 7.РГИА. Ф.1273.Оп.1.Д.417.ЛЛ.152,161; ЦГА РК. Ф.25.Оп.1.Д.2822.Л.214.
8. РГИА. Ф.391.Оп.2.Д.912.ЛЛ.90,91.95об.
9. Турсунбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях. С.56.
10. ЦГА РК. Ф.25.Оп.1.Д.82.Л.62.
11. ЦГА РК. Ф. 25.Оп.1.Д.2335.Л.5.
12. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. С.280.

\*\*\*

Бұл макалада патша үкіметі кезіндегі Батыс Қазақстандағы казак шаруатының ауыр да киын әлеуметтік жағдайы, олардың сол себептерден туындаған патшатық әкімшілігіне наразылығы айтылады.

\*\*\*

The article considers the Western Kazakhstan during the Russian czarism and describes the social difficulties of that time. It also discovers the reasons of the public discontent with the government.

УДК 94(574) «18»: 339.13.012

Кожакметова Г.К.,  
АкГПИ, старший преподаватель

## Роль транспортных коммуникаций в формировании регионального торгового рынка Западного Казахстана и Южного Урала в XIX веке

Развитие ярмарочной торговли в степи, включение Казахстана в общероссийский рынок способствовали установлению экономических связей между отдельными регионами России. При этом лидирующее положение в развитии рыночных связей народов региона заняли татарские коммерсанты, захватившие значительную часть торговли в Казахстане, Башкирии, Средней Азии в свои руки. Постепенно накапливая свой капитал, они заняли прочные позиции в кожевенном, салотопенном и мыловаренном производстве.

Однако отсутствие путей сообщения тормозило развитие внутреннего рынка в Казахской степи и регионального торгового взаимодействия с Южным Уралом. Все дороги, почтовые тракты в основном сосредотачивались вокруг населенных пунктов. Перевозка товаров осуществлялась на волах, верблюдах и лошадях. От состояния путей сообщения в значительной степени зависели цены на сырье и промышленную продукцию. Крупные изменения в экономической жизни региона вызвало строительство железной дороги. Местные власти, купечество, общественность понимали огромные преимущества стальной магистрали и прилагали большие усилия для проведения железнодорожного пути в свой регион.

Первая дорога, связавшая Самару и Оренбург, была открыта в 1877 г. В результате Южный Урал оказался взаимосвязанным с

Поволжьем. В полосе ее экономического влияния оказались самые южные районы Башкортостана. В 80-х годах развернулась ожесточенная дискуссия дальнейшего направления данной железнодорожной ветки.

Сначала был принят «северный вариант» железной дороги через Нижний Новгород – Казань – Екатеринбург - Тюмень. Но в 1882 г. министр путей сообщения адмирал К.Н. Посьет настоял на пересмотре решения в пользу «южного» варианта через Самару – Уфу. 2 января 1885 году было принято окончательное решение, утвержденное императором Александром III, строить железнодорожную дорогу на участке Самара – Уфа и начать проектные изыскания в направлении на Златоуст и далее к востоку.

В августе 1890 года оконченный участок Уфа - Златоуст был соединен с самаро-уфимским в одну линию под названием Самаро-Златоустовская железная дорога, общая протяженность составляла 1 410 верст [1, С.651]. В 1895 году началось строительство Самаро-Уфимской железной дороги. Этот участок проходил через Уфу и Златоуст до одного из пунктов Екатеринбурго-Тюменской железной дороги [2, С.299]. С 1896 года по ней было открыто движение в Сибирь и до 1908 г. это был единственный рельсовый путь, соединивший Россию, Европу и Сибирь [3, С.6].

В 1892 г. был построен участок Златоуст – Миасс – Челябинск, а с 1893 г. началась прокладка знаменитой Сибирской железной дороги [4, С.357].

В результате Уфа и весь регион оказались на транспортном пути в Сибирь и Дальний Восток, получили быстрое и удобное сообщение с Центральной Россией. Все это с одной стороны, делало их торговыми центрами на пути в центральные губернии России и, с другой стороны, способствовало развитию торговли в близлежащих местностях. Географическая изоляция, сдерживающая развитие края, завершилась, Южный Урал стал одним из ключевых регионов России.

Всё же недостаток развитых путей сообщения в Казахской степи создавало определенные трудности в развитии регионального рынка, задерживало расширение торгово-экономических взаимосвязей, как между отдельными районами степи, так и с приграничными районами и, наконец, с Центральной Россией. В мае 1868 г. Оренбургский генерал-губернатор Н.А. Крыжановский поднял перед Министром внутренних дел А.М. Горчаковым вопрос о необходимости строительства железнодорожных путей в Оренбургском крае. Основной мотивацией в докладной записке губернатора явилось то, что приграничные с казахским кочевьям территории (Саратовская,

Самарская, Оренбургская губернии) занимаются выделкой кожи, сала и других продуктов животноводства, которые получают из казахской степи. Только в одном Кузнецком уезде Саратовской губернии имелись к этому времени до 150 кожевенных заводов, потребляемых более 1 миллиона пудов сырых кож, получаемых из казахских степей [5. Л.4].

Строительство железной дороги способствовало дальнейшему формированию регионального рынка. Определенный толчок развитию торговли дало строительство Оренбургской железной дороги (Самара - Оренбург), протяженностью 512 верст, связавшей Тургайскую область и Оренбургскую губернию с Центральной Россией.

В 1891-1893 гг. акционерное общество Рязанско-Козловской железной дороги построило линию Покровская слобода – Уральск, а в 1897 г. линию Урбах – Астрахань. В исторической литературе существуют различные точки зрения на роль данной железной дороги.

Если в томе третьем учебника «История Казахской ССР» отмечается, что эти железнодорожные линии пересекали только незначительную часть Уральской области (84 версты), и не оказали важного влияния на экономическое развитие степи [6. С.311], то В. Семенов-Тян-Шанский считал, что, несмотря на незначительную величину данной линии в пределах области, влияние ее было заметно на торговово-промышленную жизнь региона. В результате произошло стягивание основных продуктов (хлеба, рыбы, скотоводческого хозяйства) к Уральску, способствуя этим самым развитию здесь обрабатывающей промышленности и направляя грузы к главным рынкам Европейской России. Работа этого участка железной дороги выразилась в следующих цифрах. Если в 1898 г. было отправлено грузов – 4 360 т. п., то в 1900 г. – 5 038 т. п. При этом отправка грузов вдвое превышала прибытие грузов (1898 г. прибыло 1 641 т. п., а 1900 г. – 2 423 т. п.), что свидетельствовало о транзитном характере данной железной дороги.

Строительство данной железнодорожной трассы помимо ускорения местной торговли притягивало сюда новые виды грузов и укрепляло связь различных регионов России.

В начале XX века определенную роль в увеличении как внешнего, так и внутреннего товарооборота, расширении товарообмена сыграла железная дорога Оренбург-Ташкент, построенная в 1901-1905 гг. Данная железнодорожная линия связала Южный Урал, Казахстан и Среднюю Азию в единое экономическое пространство. Вся линия строившейся дороги в административном отношении была разделена на две части: северную от Оренбурга до

Казалинска (946 верст), проходившую через территорию Оренбургской губернии, Тургайскую область и Темирский уезд Уральской области и южную – от Ташкента до Казалинска (790 верст) вдоль Сырдарынской области Туркестанского генерал-губернаторства [6, С.412-414].

Пять крупных станций – Актюбинск, Челкар, Казалинск, Перовск, Туркестан – стали узловыми пунктами связи Казахстана с Россией и Средней Азией. Оренбургско-Ташкентская железная дорога была единственной линией, связывавшей Туркестанский край с другими центрами производящей и обрабатывающей промышленности. Она проходила в направлении Оренбург – Актюбинск по водоразделам рек Урал, Илек, Эмба к озеру Челкар, через Мугоджарские горы, пески Малые Барсаки к Аральскому морю, Казалинск, к берегам Сырдары, на Перовск и далее на Ташкент.

Внедрение на железных дорогах специальных установок создало условия для перевозок в большом количестве скоропортящихся продуктов, в частности продукты скотоводческого хозяйства. Строительство железной дороги Челябинск – Троицк – Кустанай (1913 г.), протяженностью 232 верст, позволило соединить степи Западного Казахстана с Южным Уралом и превратить Кустанайский уезд Тургайской области в крупный центр скотоводческого производства в этом регионе [7, С.44].

Кроме того, данная железнодорожная линия соединила Троицк, Кустанайский уезд Тургайской области с Самаро-Златоустовской и Сибирской железными дорогами и превратила в один из крупных транзитных центров, взаимосвязанных с Южным Уралом и Западной Сибирью.

Важное значение в понимании создания единой железнодорожной инфраструктуры имеет указ Николая II от 14 мая 1913 г. о строительстве двух железнодорожных линий: 1. от станции Казань Московско-Казанской железной дороги до соединения с участком Екатеринбург–Тюмень Пермской железной дороги; 2. от города Нижний Новгород до соединения с Северными железными дорогами [8, С.508].

Строительство этих железнодорожных путей соединяло в единое экономическое пространство регионы обширной Российской империи.

Таким образом, можно выделить важные аспекты в формировании транспортной инфраструктуры, оказавшей влияние на развитие регионального рынка:

1. В первой половине XIX века наиболее обеспеченными грунтовыми путями сообщений оказалась Уральская область, общая

протяженность которой была 1 571 верста, а в Тургайской области - 844 версты. Приведенные выше скотопрогонные тракты проходили через крупные ярмарки, потому что движущийся скот из глубин казахской степи мог быть куплен на последующих сезонных торгах и так до конечного пункта, откуда он направлялся уже в виде мяса, кожи и другого сырья в европейскую Россию;

2. Развитие железнодорожных средств сообщения со второй половины XIX века содействовало росту подвижности населения и явилось предпосылкой к развитию товарооборота. Строительство Оренбургско-Ташкентской железной дороги, которая пересекла всю территорию Тургайской и частично Уральской области, изменило ситуацию и способствовала равномерному втягиванию края в региональный торговый рынок и развитию современно организованных форм торговли (магазины, торговые дома, торговые представительства банков);

3. Все грунтовые и железнодорожные пути являлись транзитными, что свидетельствовало о втягивании казахского населения в региональный торговый рынок и подчеркивало незначительную плотность населения. Уральская и Тургайская области, являвшиеся пограничными зонами с одной стороны с Оренбургской и Самарской губерниями, а с другой – со Средней Азией стали транзитными пунктами продуктов скотоводческого хозяйства и русской фабрично-заводской промышленности;

4. Железнодорожное строительство в регионе рубежа XIX – XX вв., ориентированное на освоение окраинных территорий Российской империи, превратило населенные пункты казахской степи в торгово-промышленные селения с транзитными функциями. В частности, Ташкентская железная дорога, проходившая через станции Яйсан, Мартук, Бистамак, Тамды, Аккемир, Кандагач Актюбинского уезда Тургайской области, дало толчок включению этого района в региональный торговый рынок [9.Д.2826]:

5. Вместе с тем необходимо отметить неравномерность в расположении рельсовых путей. Так, Иргиз, Карабутак, Тургай оказались вне современных средств сообщения, что оказало влияние в дальнейшем на экономическое развитие данных районов.

#### Литература:

1. ПСЗ РИ Т.Х.№7099, С.651
2. ПСЗ РИ Т.Х.№3043, С.299.
3. Краткий обзор развития и деятельности Самаро-Златоусовской железной дороги за 25-летие. 1888-1913 гг. – М., 1914. – 86 с.

- 4.Россия. Полное географическое описание нашего отечества/под редакцией В.П. Семенова-Тян-Шанского. – Спб., 1914. Т.5. Урал и Приуралье. – 785 с.
5. РО библ. Им. Салтыкова-Щедрина. Ф.379.Оп.1,Д.255,Л.4.
6. История Казахской ССР. Т.3. –А., 1979. – 544 с.
7. Асылбеков М.Х. Развитие сети ж/д в Казахстане в конце XIX- начало XX вв. //Казахстан в канун Октября. - Алма-Ата, 1968. -120 с.
8. ПІСЗ РИ, Т.28, №39389. - С.508.
9. ЦГА РК, Ф.25,Оп.1,Д.2826.

\*\*\*

This article describe the history of to get and development of trade of the Western KZ and South Ural in XIX century and influence to the transport communication. The article based on archives and profound works.

\*\*\*

Макалада Батыс Қазакстан мен Онтүстік Оралдағы XIX ғасырдағы аймактың сауданын қалыптасу, даму тарихы және оған транспорттық коммуникацияның әсері мұрагат құжаттары мен фундаментальды енбектер негізінде сипатталған.

**ӘОЖ 94(574.1):002**

**Қ. Сұндетұлы,**  
Х.Досмұхамедов атындағы мемлекеттік  
университетінің ізденушісі

## **Атырау баспасөзінің қысқаша тарихынан**

### **СӨЗ БАСЫ:**

Республикамызда мерзімдік басылымдардың тарихымен, тағдырымен байланысты көп жағдайлар осыған дейін әл де болса толығымен ашылған жок. Еліміздің тәуелсіздігі баянды етіліп, еркіндіктің түндігі ашылғасын ғана Қазакстанның баспасөз тарихы кайта жазылғаны заман талабы. Ұзакка созылған компартия үстемдік құрган шакта оның мүмкіндігі болмағаны баршаға мәлім. Міне, енді ғана казак халкының шынайы жаңа тарихи әлемдік дәрежеде зерделеніп, сонын нәтижесінде небір асыл мұраларымыз кайтадан ортамызға оралды.

Тарих салнасында пайда болған баспасөздің атына қарап, кай заманын, кай көғамның сойылын соғып, саясатын жүргізгенін ангару киын емес. Бірақ сол тағдырыдың тайталасында мың еліп, мың тірілген баспасөзіміз кашанда әділеттің ак жолынан бір елі де ауытқымай, бізге өмір шындығын каз калпында жеткізуге тырысып бакты. Солардың катарында баспасөздің орта және төменгі буындары деп аталған

аудандык және көптиражды газеттердің тарихы болмак. Олар өз дәүірінде уақыт үрдісіне ере отырып, казак халқының санасын және саяси көзкарасын қалыптастыруда, экономика мен мәдениеттің, оқу-ағарту саласының дамуына сүбелі үлес кости.

Бір ескеретін мәселе. Атырау облысы баспасөзінің тарихында өз мәнінде әлі күнгө дұрыс бағасын алмаған «Ленин жолы» (Гурьев). «Большая Эмба» және «Жем жұмысшылары» (Ембі) аудандык газеттерінің тарихы болатын.

### «Ленин жолы» (Гурьев) газеті тарихынан (1932-1933 ж.ж.)

Казакстандағы ұжымдастыру отырыкши - егінші аудандарынға емес, мал шаруашылығы аудандарды қамтыды. 1928 жылғы қүштеп тәркілеу науқанынан кейін казактар ата кәсібі маңдан айырылып, ұлттымыздың табиғатына келмейтін шаруашылық жүйесі пайда болды. Кызыл тудын астында айтылған «асыра сілтеу болнасын, аша тұяқ калмасын» деген ұранмен жүргізілген ұжымдастыру елге үлкен зауал әкелді.

1931 жылы Гурьев округінде құрылған территориялық өзгерістерге сәйкес. Орал-Ембі ауданының үні 1931 жылы 25 желтоқсанда казак тілінде жарық көрген «Жем жұмысшылары», «Большая Эмба» – орыс тіліндегі мен Гурьев ауданының үні «Ленин жолы» газеттері пайда болды. Бұл жолы «Ленин жолы» газеттінің дүниеге келуі мен газет беттерінде жарық көрген макалаларға аз ғана шоғу жасап, сол кездегі атапмыш басылымының аткарған рөлін көрсету максаты туындағы.

1932 жылы 7 сәуірде өткен Гурьев аудандық партия комитетінің бюро мәжілісі төмендегідей қаулы қабылдағы: «Аудандык III партия конференциясының қаулысына сәйкес. 15 ақпаннан казак тілінде аудандық газет ұжымдастырылсын.

Аты «Ленин жолы» болсын. Бес күнде екі шыгарылсын, тиражы 3 мың болсын. Сметасы: шығыны – 27 152 сом 40 тиын, түсімі 14 800 сом мөлшерінде беркітілсін. Аудандық аткару комитеті газеттің шығынына жұмсалатын 12 352 сом 48 тиынды жылдық аудандық бюджетіне кіргізілсін.

Аупартком мәдени аткару бөлімі, жастар комитеті мен аудандық кәсіпшілер одагы кенесі өздерінің төменгі орындарына газетті тарату жайлар нұсқау берсін.

Аудандық партком мәдени ағарту бөлімі облыстық өлкелік партия комитеті алдына ауданда казак тілінде газет ұжымдастыруды беркіту, оны қағазбен камсыздандыру жайлар мәселе койылсын.

Газет редакторына Қосандылы, орынбасарлығына Түрікменбай ұты тағайындалсын» [1].

Осылайша тиісті қаулы алынганымен Гурьев аудандық «Ленин жолы» газеті 15 сәуірден бастап жарық көрген. Газеттің 1932-1933 жылғы шықкан сартап болған, майлы тігінділері Алматы каласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының сирек корлар бөлімінде сакталыпты.

Алғашқы газеттің шығуы туралы 1932 жылды 15 сәуірдегі санының бірінші бетінде «Ленин жолы» газетін ұйыстыру (ұйымдастыру-К.С) карсандында» атты макала басылыпты. Осы макаладан аз ғана үзінді бере кеткен орынды болар деп ойлаймын: «Қазақстандағы бытыранды қалған ауыл шаруашылығы бірлестік шаруашылыққа айналып, кедей орташылардың 60-70 проценті колхозға ұйымдасты. Осы жетістіктермен катар Қазақстан еңбекшілерінің мәдениеті өсіп, тұрмысы жаксарып отыр. Осымен катар Гурьев ауданы шаруашылығы өсіп, Қазақстандағы алдағы ауданының бірі болып отыр. 5 жылдықтың 3-ші жылының программын артығымен орындал шыкты. Оның ішінде негізгі шаруашылығымыз балық ендірісі жоспары 101 процент орындалды. Аудан көлемінде балыкшы шаруалардың 94 проценті мал өсіруші шаруалардың 58, 7 проц. колхозға ұйымдастып отыр. Мал өсіруші колхоздар жанынан 715 бас мал мен 30 тауарлы фермі ұйымдастырылды.

Аудан көлемінде 2 кенес шаруашылығы 2 пішен станциясы ұйымдастырылды, 31- жыл каражат жинау жоспары 134 проц., мал дайындау жоспары 108 проц., көшпелі, жартылай көшпелі казак ауылын отырышыландыру 114 проц. орындалды.

...Бұл жетістіктер Өлкелік партия комитеті мен аудандық партия комитеттінің дұрыс жол басшылығы арқасында тап дүшпаны бай құлтартар мен олардың агенті оншыл «солшыл» аппортыншыл, ымырашылдар мен аянбай күресіп олардың социалшылдық (социалистік-К.С.) құрылышта істеген кеселдіктеріне уақытында балта шапқандығының арқасында табылған жетістіктер. бұл жетістіктер жұмысқер колхозшы көпшілігі мен байланысты алға қарай бұдан да жиіледі, оларға айрықша көніл беліп, арапарында жұмысты жақсартуды керектендіреді. Сондыктан осыларды ескеріп жақын арада болып өткен III партия конференциясы Гурьев ауданында 70 проц. казак халқының барлығын еске алып көзіргі социалшылдық құрылыш жөніндегі олардың арапарында жүріп жатқан жұмыстардың кем-кетігін көрсетіп жол сілтеп отырып ауыл еңбекшілері мен байланысты күштейтіп мәдениет жұмысын дұрыс кою үшін өз алдына казак тілінде газет ұйымдастыруға аудандық партия комитеттінің бюросына

тапсырган еді. Міне сол каулы бойынша «Ленин жолы» атты газет үйімдастырылып бірінші ретте шығып отыр. «Ленин жолы» газетінің тарихи маңызы бар. «Ленин жолы» жұмыскер кара шаруа көшілігі бесжылдыкты 4 жылда орындауга, колхоздың үйістыру шаруашылық халін нығайтуға, балық өндірісі жоспарын артығымен орындауга үйістырады.

...Сын, өзара сынды күшейте отырып, жұмыстағы кемшілікті түзетуі керек. Көшпелі, жартылай көшпелі казак халқын отырыкшыландыру үшін күресіп, ұты орысшылдыктың жергілікті ұттышылдыктың бетін ашуы керек...». Бұдан ері газеттің бұқара арасында кенінен тартуды, партия тапсырмаларын орындауда сенім бойінше шығамыз деп уәде беріп: «Жасасын «Ленин жолы» газеті. Косан ұты» деп аяктайды.

«Ленин жолы» газетінің бірінші санының шығуын құттықтап аудандық партия комитетінің хатшысы ж. Орловтың «Ленин жолы» газеті тап жауынын, апортыншылдыктың бетін ашып, партияның ұты жолы үшін күреседі деген салемін жеткізген. Бұдан баска «Трудовая Правда» газеті баскармасының, аудандық атқару комитеті мен кәсіпшілер одагы кенесінің президиумы (алқасының) мерекетік құттықтаулері басылыпты.

Газеттің әдеби қызметкері акын Байғонысұтының «Сен табынның құралы» атты өлеңі басылыпты, осының оқып көрелікші:

Сен табынның құралтысын.  
Таптың ісін көліна ал.  
Социалдық құрылышты  
Тездетеңе күшін сал.  
Тап жауына карсы тұрып  
Жаса екпінді аттаныс.  
Социалдық құрылышты  
Нығайтуға атсалыс.  
...Онышыл, солшыл содырларды  
Соккы беріп талқан кыл.  
Тіке жүріп тап жолымен  
Жұртшылыхты бастай біл».

Уақыт тынысына орай газеттің беттерінде мал азығын дайындау, балық аулау, колхоз саудасын күшету, дінге карсы күрес, агарту саласында жүргізіліп жаткан жұмыстардағы кемшіліктер мен табыстар тұралы макалалар жарияланған. Макалалар жалан, сүренсіз жазылған. Көбіне құр цифрлар басылып, сол кезде өз мамандығын жаксы білетін каламы жүйрік журналистердің тапшылығы әбден сезілгенін анық аңғарасын.

«Балық аулауда олкылық әлі орын алғып отыр» деген айдарымен балық аулауды ұйымшылдықпен өткізуге шакырган «Жайыктағы аулауда өзгеріс болуы керек» деген макала бастан аяқ процентке құрылған цифrlардан аяқ алғып жүре алмайсын. Тек сонғы сөйлемнен ұқканымыз «Жайыкта аулау жұмысында жоспарды орындау жөнінде тез өзгеріс болуы керек, өйткені Жайыкка көксерке кіріп отыр» деп аяктаган [2].

1925 жылы басталған Ф. Голещекиннің «Ауылға бет бұт!» саясатын түсінбеген, не қөнбекен адам «оншыл, апортыншыл» деген атпен айыпталып, оларға соккы беру, партиядан шығару, қуу, партияны тазалау («чистка» деген болған) науқаны жүргіп жатты. Мұнын арты сталиндік ұлматка жалғасып, казактың каншама аяулы ұшары орынсыз құрбан болғаны баршаға аян. «Ленин жолы» газетінін беттерінде осындай макалалар көптеп басылған. Әрине, адамдардың сол кездегі саяси сауатсыздығы, білім дәрежелерінің темен болуы, сана-сезімдерінің артта қалғандығы да катты әсер еткені аши болса шындық. Газеттің осы санында «Коғоз саудасы қүшетілсін» атты макалада быттай делінген: «Гурьев. Орал-Ембі ауданы бірігіп 1-майда кенес базарын ұйымдастырган еді. Бұл кенес базарын ұйымдастыргаты біраz мезгіл бола тұrsa да әлі күнге реттелмей отыр. Бұл кенес базарына осы күнге дейін бірде-бір колхоз катынаспай отыр. Кенес базарын ұйымдастырган қүннен бастап колхоз союз кейін шегіншектеп еді, содан осы уақытқа дейін әлі солай келе жатыр. Колхоздарды кенес базарына катынастыруға кала халқын жабдықтауды қүшету жұмыстарын колхоз союз есебіне алмайды.

...Кенес базарына колхоз саудасын қүшетуді бағаламайтын апортыншылдарға соккы беруі керек. Бұл жөнінде бай-құлактар барлық тап жаулары карап қалмайды, барлық қүшімен кенес базарын қүшетуге кесел болады. Әсіреле, ет саудасы жөнінде бай құлактар маңды сойып көзін жогалту үшін мал басын азайту үшін бар қүшін салып кимылдайды олардың ондай дұшпандығына жол бермеу керек, бай құлактарға соккы беру керек» деп ұрандаткан.

Компартияның биліктік идеологиясы баянды етілген сиезд. конференция.plenум және бюро қауылары мен шешімдері газет беттерінін басым көпшілігінде жарияланған. ВКП(б) орталық комитеттін 1932 жыл 17 қыркүйектегі «Қазакстанның ауылшаруашылығы туралы. атап айтканда, мал шаруашылығы туралы» деген шешіміне орай, жер - жерде мал шаруашылығы аудандарында артельдер енді ТОЗ-ға ауысты. Қөшпелі, жартылай қөшпелі казак халқын енді отырышылыққа түпкілікті орнықтыру

жүріп жатты. Осы тақырыпты камтыған «Ленин жолы» газетінде хабарлар мен макалалар аз болмаған.

«Мал колхоздарының қыска әзірлігі жок» деген макалада үй мен мал кораларын салуға арналған тас соғу (басу), шеп шабу мен оны тасымалдау ісіндегі кемшиліктерді айта келіп төмендегі кемшиліктерді жоюды міндеттейді: «Аудандагы колхоздарда 3652 мың тас соғыту керек еді, тас соғу 75 процент орындалған. 31 сиыр корасы, 18 ат кора және бірнеше кой коралары салыну керек, одан 16 сиыр корасы, 8 ат кора және бір кой кора салынған, бірақ бұза салынып толық біткен жок...

Социалды мал шаруашылығын өркендетуге колхоздарда тұқ істемей отыр. Шеп сүрлеу мен кора-кобсы салу жұмысын большевикше ұйымдастыра білмей отыр. Ендігі мезгілде аудандық колхоз союз мал шаруашылығын өркендедүде барлық колхоздарға басшылық етулері керек» [3].

Баршага аян, 1932 жыл 22 тамыздағы Орталық Бакылау Комиссиясы мен Қара шаруа бакылау комиссариаты алқасының «Баспасөзде жарияланған жұмысшы, колхозшылар хатын, тілшілер хабарын зерттеу туралы» қаулысы жер-жерде канат жайды. Газет тілшілері жазған хаттарға назар аудару, олар жергілікті жерде болып жаткан қылмыстарды анықтауда партияның колканаты болатын. Тілшілерді өз колшокпарларына айналдырган компартия тілшілер хаттарына көніл аудармagan газет қызыметкерлерін құынға ұшыратты. Бұл науқаннан «Ленин жолы» газеті де калыспаған. 1932 жылы 15 казандагы санында жарияланған «Өндірістен аластанып жауапка тартылсын» және «Коғам мұлкіне кол сұққандар сазайын тартты» атты макалалар осының айқын дәлелі:

«Өндірістен аластанып жауапка тартылсын.

Күзгі путинге және коныстану, пішен шабу жұмыстарына кесел келтіргені үшін 18-19 ауыл азаматтары Жакия ұлы. Жұмагали ұлы. Тәғіс ұлы колхоздын жалпы жиылдысымен колхоздан шығарылып сотка берілген. Бұлар казір де өндіріске кіріп алған. Жакия ұлы Доссорда мастерскойға кірген, Жұмагали ұлы балық катыратын өндіріс орнына жұмысқа кіріп алған. Колхозда кастық жасағаны үшін мүшеліктен шығарылғандардың өндіріске кіру қалай екенін білмейміз.

Бұларды өндірістен аластау керек, сонымен катар аудандық сот бұлардың істерін қарап жауапка тартуы керек. Кубас» [4].

Газетке шолу арқылы партияның саясатының насиҳаттатуы катан тексеріліп, кемшиліктері көрсетіліп және жұмыстарына бағыт берілетін. «Ленин жолы» газетінің №74-78 сандарына шолу жасаған республикалық аға газет атанған «Социалды Қазакстан» (казіргі

«Егеменді Қазакстан») газеті 1933 жылы 6 актандығы санында «Газет сыны» деген айдарымен «Ұшы-қыры жок «үшін» оны не деп түсін» деген сын макала жариялад, партияның сара жолынан ауытқымауды кратты тапсырыпты: «Ленин жолы» Гурьев аудандық газеті. (редакторы Молдабекұлы)

«Ленин жолы» бұрынғы өкірігтің орталығы болған жерде шығады. Коры бар газет дейміз. Ауданда мындаған жұмысшылар бар. Ембінепті былай койғанда балық өндірістері бар іргелі ауданның бірі дейміз. Сондыктан «Ленин жолы» бұл бетін түзетуі керек. Саяси тілге мыкты, айткан жерден киып түсетін өткір болуы керек. Бәрінен бұрын партияның сезін дұрыс ұтынып түсіндіре білуі керек. Газеттің негізгі максаты - партия мен үкіметтің сезін байтак қалыптың енбекшілерге нағыз өзінің түсінетін тілінде тайға танба басқандай, колына таяқ ұстағандай қылышп жеткізу ғой.

Әсіресе, бұл елге бір кадам болса да жақын тұрган аудандық газеттерге тіреледі» [5].

Осылайша, аға газетте мерзімді баспасөздің айбынды міндеттерін есіне салуды ұмытпапты.

«Ленин жолы» газеттінің 1932-1933 жылдардағы жылдық таралымы 16 862 болып, ал айына 1682 данамен оқырмандарына жеткен [6].

Сондай-ақ, мұрағат деректерінде «Ленин жолы» газеттінің 1933 жылы 29 тамызда әдеби қызметкері Жолдас Аймұратовқа берілген мінездемеде оның 1911 жыцы туылғаны, газет редакциясында 1932 жылдың көктемінен бері таман жұмыс істейтін атап көрсетіліп, бөлім менгерушілігіне ұсынуға болатындығы атап көрсетіліпті [7].

Аз ғана уақыт ғұмыр шеккен «Ленин жолы» газеттінің 172 саны шыққаннан кейін, 1933 жылы 15 қырқүйектен бастап Гурьев округінің құрылымымен Гурьев «Ленин жолы» және Ембі аудандық «Жем жұмысшылары» ізінде округтік «Социалды құрылыш» («Атырау») газеті дүниеге келді.

#### Әдебиеттер:

- 1 Ленин жолы. – 1932. – 15 апрель.
- 2 Ленин жолы. – 1932. – 14 маусым.
- 3 Ленин жолы. – 1932. – 15 казан.
- 4 Социалды Казакстан. – 1933. – 6 актан.
- 5 Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты 2-к., I-т., 243-іс. 195-п.
- 6 Сонда 13-парак.

\*\*\*

В данной статье речь идет об истории газеты «Ленин жолы», которая впервые была выпущена в 30-х годах XX века. Газета смогла сыграть

большую роль в развитии рыболовства и сельского хозяйства. в ликвидации безграмотности, призвании к культуре в Гурьевской области.

\*\*\*

In the given article there is a history of newspaper "Lenin's way" which was created in the 30s of XX century. This newspaper played a big role in developing of fish industry and agriculture, liquidating illiteracy and developing culture in the Gureiv region.

ӘОЖ 950. 55+31

М 35

А.Т. Мәден,

К.Жұбанов атындағы Ақтөбе  
мемлекеттік университетінің аспиранты

## Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Батыс Қазақстанның қала налқындағы этнодемографиялық үрдістер

Ұлы Отан соғысы жылдарында Батыс Қазақстан аймағында ерекше этнодемографиялық үрдістер орын алды. Оған ен алдымен Батыс Қазақстан территориясының тікелей майдан шебіне кіру і және сонын салдарынан аймактағы халық санының күрт қыскаруы ықпал етті. Оның үстінен соғыс майданының жақындығы босқындардың көшиконынан көрінген халықтың каркынды козғалысын тұгызы, сондай-ақ, бейбіт халық арасында елім-жітім деңгейінін жоғары болтуына асер етті. Соған карамастан, соғыс жағдайы Қазақстандағы қалалардың дамуына (урбанизация) үлкен серпін берді. Соғыс жылдары қала халқында, жекелеген қалаларда кен көлемді этнодемографиялық, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жаңарулар орын алды. Қалаларда ірі өнеркәсіптер жүйесі калыптасып, жұмысшы табы санының есүіне аттышарттар жасалды.

Аймактағы қала халқының соғыс жылдарындағы этнодемографиялық үрдістерін зерттеуде ен алдымен соғыска мобилизацияланған халық санын, олардың шығынын анықтау манызды. Дегенмен, облыстар бойынша бұған көпшілік толық дерек көздері жок. Барынша толық мәліметтерді облыстарда 1995 ж. «Женістің 50 жылдығына» арналып шығарылған «Боздектар» жинағы береді.

Соғыс жылдарында Актөбе облысынан 116831 адам әскерге атынса, 1938-1945 ж.ж. барлығы 122423 адам мобилизацияланды [1]. Онын 39503-і майдандарда каза болды. Атап айтсақ, шайкастарда өлгендері – 17280, госпитальдарда каза болғандары – 1718, жау тұтқынында өлгендері – 152, хабарсыз кеткендері – 20353 [2]. Осы сұрапыл жылдарда облыстар 11 мың бозбалалар мен қыздар майданға аттанды. Олардың барлығының танк жоюши, гранатометші, пулеметші, минометші және басқа әскери мамандықтары болды. Соғыстың алғашкы күнінің өзінде Актөбеде 300-ден астам адам майданға баруды талап еткен арыздар берді [3].

Жас жеткіншектердің, онын ішінде, қыздардың соғысқа өз еркімен сұраны Атырау өнірінде де орын алды. Соғыстың алғашкы күні-ак Атырау калалық комсомол ұйымына 23 қыздан майданға жиберуді сұраган өтініш түсті. Жалпы, Ұлы Отан соғысы жылдарында Атырау өнірінен 42509 адам, ал каладан 11302 адам колына кару алып фашизммен соғысқа аттанды. Толық емес сонғы мәліметтер бойынша олардың 15364-і, онын ішінде, каладан аттанған 4683 боздак майданда ерлікпен каза тапты [4: 1, 36]. Сол кезеңде Атырау облысының құрамында болған Мангистау өнірінен 3415 адам каза болған [1, 36] деген дерек бар.

«Боздактар» жинағы бойынша Батыс Қазақстан облысынан майданға 1941-1945 ж.ж. 74083 адам атынған. Ал, жалпы 1938-1945 ж.ж. ұрыс даласында 76635 адам шайкасты. Онын ішінде, 1941 ж. 1 кантарындағы мәлімет бойынша 67575 адамдық тұрғыны бар Орал каласынан 11015 адам әскер катарына алынды. Бұл жалпы калалықтардың 16,3 %-ы. Осы дерек бойынша облыстың жалпы әскери шығыны 36548 адам (әскер катарына алынғандардың – 47,7 %-ы). Онын 15695-і (42,9 %) ұрыстарда өлгендер, 2803-і (7,7 %) госпитальдарда өлгендер, 157-сі (0,4 %) тұтқында өлгендер, 17893-і (48,9 %) хабарсыз кеткендер [5; 1, 35-36]. Статоргандардың мәліметі бойынша Батыс Қазақстан облысында халық саны 1941 ж. 1 кантарына карай 395631 адамды құрады. Онын 15 мыннан астамы облысқа 1940 ж. бойы коныс аударып келгендер. Соғыс жылдары бойы осы халық саны 1945 ж. 274284 адамға дейін азайды. Осылайша, халық саны 121347 адамға дейін қыскарған [6]. Олардың арасында жогарыда келтірілген 36548 адамды құраган соғыс шығыны да бар.

Батыс Қазақстан халқын зерттеуші тарихшы-демограф М.Н.Сыдыков осы мәселеге катысты соғыс карсаңында әскер катарында 8735 оралдықтын болғандығын, соғыс жылдары бойы тағы 67946 адамның шақырылғандығын, олардан басқа әскери комитеттермен өнеркәсіпте жұмыс істеу үшін 13605 адам және

корғаныс кәсіпорындарындағы жұмыс үшін облыстық аткару комитеттері арқылы 15979 адамның мобилизацияланғандығын аныктай келе, облыс бойынша 97,5 мың адам майданға атынған деген тұжырым жасайды [6, 161].

Осылайша, колда бар деректердің өзі 1938-1945 жж. үш облыс бойынша (Ақтөбе, Атырау және Батыс Қазакстан) ен аз дегендे 262400 адамның мобилизацияланғандығын көрсетіп отыр. Іс жүзінде бұл көрсеткіштің алдекайда жоғарғы екендігі анық. Онын үстінен бұл санға кез-келген уақытта майданға аттану жағдайында болған тыл енбекіндегі халықтың енбекке жарамды бөлігін коскан жөн.

Үш облыс бойынша жоғарыдағы көрсеткіштің әскері шығын санын (шамамен 95500 адам) жалпы мобилизацияланғандар санынан алғын болсақ, кaza болғандардың 36,4 %-ды құрағандығы шығады. Онын ішінде Орал және Атырау қалалары бойынша кaza болғандар саны 16,4 %-ды құрайды. Өкінішке орай, бұл қалалар және аймактары басқа қалалардан соғыс жылдары канша адамның атынғандығын, олардың каншасының кaza болғандығын накты анықтау мүмкін емес. Дегенмен, бұл есептеулерден майданға атынған әрбір үшінші адамның қалатық болғандығын болжай киын емес. Онын үстінен, қаладан майданға адам күшінің белсенді алынуына қаталықтардың соғыс жағдайына бейім келуі (мысалы, жалпы дайындығының жоғарғы болтуы, т.б.) де шешуші ықпал етті.

Аймактары қала халқының қыскаруына халықты енбекке мобилизациялаудың да ықпалы болды. Себебі тылдағы халықтың арасында енбек ету және алеуметтік жағдайының курделілігіне, денсаулық сактаудың нашарлығына байланысты елім денгейі жоғары болды. Сонын салдарынан халық санының қыскаруы бейбіт халық арасындағы шығындар есебінен де орын алды. Онын үстінен тылда енбек етушілердің көпшілік бөлігін әйелдер мен ересек балалар құрады. Мысалға, соғыс жылдары Ақтөбе облысында байланыс жүйесінде кызмет етушілердің 88 %-ы. Ақтөбе рентген зауыты жұмысшыларының 61 %-ы, «Большевик» зауыты жұмысшыларының 53 %-ы, өнеркәсіптік комбинат жұмысшыларының 65 %-ы әйелдер болды. Түрлі мачандықтар бойынша оқу күрстарында дайындалған мамандардың да көпшілік бөлігін әйелдер құрады. 1943-1944 жж. облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындары мен темір жол көлігі саласында 8 мыңнан аса әйелдер кызмет етті [3, 7-8]. Қоріп отырганымыздай, негізінен қалаларда шоғырланған ауыр және женіл өнеркәсіп нысандарында, көлік саласында басым түрде әйелдер енбек етті.

Жалпы, соғыс жылдары тылдағы жұмыстарға қалған халықтың енбекке жарамды бөлігінін барлығы тартылды. Мысалы, Атырау

өнірінде тылдағы енбек майданында - өндірісте 517 адам, дала жұмыстарында 5073 студенттер мен мектеп оқушылары, 150 кенсе кызметкерлері енбек етсе [4, 6]. Батыс Қазакстан облысынан 29 мыннан аса халық тылдағы енбекке жұмылдырылды. Бұл облыстағы барлық енбекке жарамды халықтың шамамен 90 %-ы болатын [6, 161-162].

Кала халкы соғыс жағдайында туындаған объективті факторлер әсерінен қыскарып отырганмен, оның орны эвакуацияланғандар, мүгедек болып, соғыстан кайтқандар. ауылдан калаға коныс аударғандар есебінен тез толығып отырды. Бұл үрдісті қалалардың соғыс карсанындағы халық саны мен соғыстан кейінгі жылдағы көрсеткіштерін салыстыру арқылы бағамдауга болады. Мысалы, жогарыда берілгендей, 1939 ж. санак бойынша Орал қаласының халкы 66346 тұрғын болса, 1946 ж. 1 кантардағы мәлімет бойынша олардың саны 66613 адамды құраган [7]. Соңда кала халкының жеті жылдың ішінде 267 адамға ескендігі көрінеді. Әрине, соғыс жылдары бойы кала халкы үлкен сандық және сапалық өзгерістерге ұшырағандығы сезізді. Және де 1946 ж. калада соғыспен байланысты барлық көші-кондық үрдістер аяқталған болатын.

Батыс Қазакстандағы кала халкының казіргі заманғы этнодемографиялық құрылымына соғыс жылдарындағы көші-кон үрдістері де маңызды ықпал етті. Бұл кезеңдегі көші-кон үрдістері майдан шебіндегі халықтардың Қазакстанға эвакуациялануынан және халықтарды қүштеп жер аударудан көрінді. Сонын нәтижесінде, дәл сол уақытта этникалық құрылым күрделеніп, халық құрамында жана ұлттар мен ұлыстар пайда болды, негізгі ұлттардың аракатынасының өзгерісі одан әрі жүрді. Соған сай. жергілікті ұлт – казактардың үлесі қыскарды.

Халықтарды эвакуациялаудың нәтижесінде аймактағы кала халкының саны есті. Эвакуацияның сипатына қарай үш негізгі бағыты айқындалады: жеке босқындар, КСРО-ның батыс аудандарының бейбіт тұрғындарын шығыска ұйымдаскан түрде және өндірістік кәсіпорындар, мекемелермен бірге инженер-техникалық мамандар мен жоғарғы білікті жұмысшыларды отбасыларымен бірге эвакуациялау [6, 165]. Соғыс жылдары бойы Қазакстанға эвакуация негізінен соңғы екі бағыт арқылы жүзеге асырылды. Әсіресе, соңғы үшінші бағыт кала халкының этнодемографиялық дамуына маңызды өзгерістер жасады.

Батыс Қазакстандағы облыстарға эвакуацияланған халық шілде айынан келе бастады. 1941 ж. 23 шілдеде Ақтөбе облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті «Эвакуацияланған халықтың кабылдау мен орналастыру туралы» каулы кабылдады. Ол үшін ұзак

мерзімге педагогикалық училишеннің, №№б, 13, 15 мектептердін, құрылымдардың техникумының гимназиялары мен бірката тұрғын үйлер босатылды [8]. Сол сиякты, Батыс Қазақстан облысына да халыктарды эвакуациялау каркынды жүргізіліп, 1941 ж. тамыз айының алғашкы жартысында 1178 адам көшірілді. Олардың 526 адамы Орал қаласына орналастырылды. Оның 186-сы ерлер болса, 340-ы әйел адамдар болатын. Жалпы бұл уақытқа дейін облысқа 2647 адам эвакуацияланған еді. Бұдан кейінгі уақыттарда Орал қаласына көшірілгендердің саны облысқа жалпы эвакуацияланғандар санына карай ауытқып отырды. Мысалы, 1941 ж. тамыз айының екінші жартысында қалага 906 адам келсе, қыркүйек айының бірінші жартысында – 776, екінші жартысында – 441, казан айының бірінші жартысында – 373, караша айының бірінші жартысында – 61, ал екінші жартысында – 969 адам орналастырылған. Колда бар деректерге сүйенсек, Батыс Қазақстан облысына 1942 ж. кантар айының екінші жартысына дейін барлығы 17320 адам эвакуацияланған. Олардың 6853-і ерлер болса, 10467-сі әйел адамдар болатын [9]. Сонда эвакуацияланғандардың 60.4 %-ын әйел адамдар құраган.

Соғыстың алғашкы айларындағы Батыс Қазақстандағы қалаларға халықтың эвакуациялану каркынын төмөндегі кесте де (№1 кесте) [10] көрсетеді.

**№1 кесте. Батыс Қазақстандағы қалаларға халықтардың эвакуациялану каркыны**

Облыстар	Кала халқы	Эвакуацияланған халық		
		қалаларға	ауылдарға	барлығы
<b>01.08.1941 ж.</b>				
Актөбе	94.9	700		577
1277				
Гурьев	105.0	12		-
12				
Батыс Қазақстан	60.0	943		711
1654				
<b>01.10.1941 ж.</b>				
Актөбе	96994	3824		4425
8249				
Гурьев	104526	412		57
469				
Батыс Қазақстан	60701	5131		3551
8682				
<b>01.11.1941 ж.</b>				
Актөбе	101390	4536		6561
11097				

Гурьев	107997	919	677
1596			
Батыс Қазакстан	64064	5295	4207
01.12.1941 ж.			
Актөбе	106642	9324	9757
19081			
Гурьев	111967	4702	4184
8886			
Батыс Қазакстан	67919	9359	25901
35260			

Кестеден көрінетіндей, Батыс Қазакстан аймағына эвакуацияланған халық саны күз айларынан бастап күрт өсіп, ай сайын бұл көрсеткіш ұлғайып отырды. Сәйкесінше, механикалық өсім есебінен облыстардың кала халқының саны да өсті. Кесте эвакуацияланған халықтың біраз белгілінің ауылдық елді мекендермен катар, қалаларға да орналастырылғандығын дәлелдейді. Қалаларға бөлінген халық негізінен облыс орталыктарына орналастырылды.

Эвакуацияланғандардың облыс орталыктарына көптеп орналастырылуы ол қалалар халқының шектен тыс асып кетуіне экеліп отырды. Мұндай жағдайда оларды аудандық елді мекендерге көшіру шаралары жүзеге асырылған. Мысалы, мұрагат деректері бойынша Актөбе каласының шектен тыс коныстандырылуына байланысты жергілікті билік 1942 ж. 12 наурызда қаулы шығарып, ол бойынша бірінші кезекте еш жерде жұмыс істемейтін 1850 адамнан тұрған эвакуацияланғандар мен жалғызлікті адамдардың отбасылары аудандарға көшірілген [11].

Эвакуацияланған халықтың негізгі толқыны Қазак КСР-на 1941 ж. тамызынан – 1942 ж. кантарына дейінгі кезеңде келді. Бұл уақыт аралығында 386492 адам эвакуацияланған. Олардың Батыс Қазакстандағы облыстар бойынша тарағуын төмөндеғі кестеден көруге болады (№2 кесте) [12].

№2 кесте. Қаз. КСР-на эвакуацияланған халықтар қозғалысы

Облыстар	1941 ж. 15.10.- 1942 ж. 01.01. аралығында келгендер саны	1942 ж. 01.01.
Актөбе	10827	19394
Гурьев	7619	9215
Батыс Қазакстан	29315	37153
Қаз. КСР бойынша небары	288796	386492

Кестеде берілгендей, соғыстың алғашкы айларында Казакстанга 288796 адам эвакуацияланса, оның 47761-і немесе 16,5 %-ы батыс аймакка келген. Ал, 1942 ж. 1 кантарындағы мәлімет бойынша Батыс Казакстандағы үш облыска 65762 адам немесе барлық эвакуацияланған халықтың 17,0 %-ы жіберілген. Эрине, соғыстың аяғына дейін Батыс Казакстандағы облыстарға тағы соншама адамның орналастырылғаны сезсіз. Себебі, мысалы, «Боздактар» жинағында көтірілген мәлімет бойынша тек Батыс Казакстан облысына 47032 адам кабылданып, орналастырылған [5, 13]. Осы тұрғыда М.Н. Сыдыков 1941 ж. аяғына карай аймактың үш облысы бойынша негізінен облыстық қалалар мен оған жақын аудандарда орналастырылған 113674 адамның тіркеңдігін жазады [6, 166]. Бұл соңғы мәлімет ресми құжаттарда көрсетілген аймакка орналастырылған 65762 адамнан 47912 жанға артық. Қалай болғанда да Батыс Казакстан, оның ішінде Актөбе және Батыс Казакстан облыстары эвакуацияланған халықты кабылдаудың ірі орталыктары болды.

Казакстанға эвакуацияланған халықтың калыптаскан соғыс жағдайына байланысты негізгі белгін әйелдер мен балалар құрагандығы белгілі. Сонын нәтижесінде, халықтың жыныстық және жастық құрылымы өзгеріске ұшырады. Халық санының толыгуының негізгі көзі әсіресе, балалар болды. Жоғарыда 2-кестеде берілген көшіріліп экелінген 386492 адамның 136,5 мыннан астамын балалар құрады [13]. Ал Батыс Казакстан облыстарындағы қалаларға 1941 ж. өзінде толық емес мәлімет бойынша 56574 бала эвакуацияланған. Олардың жекелеген қалалар бойынша орналастырылуын төмөндегі кестеден (№4 кесте) [14] көреміз.

#### **№4 кесте. 1941 ж. Батыс Казакстан қалаларындағы балалар көші-коны**

Қалалар	16 жасқа дейінгі балалар		
	Келгендер саны	Кеткендер саны	Механикалық өсім
Актөбе	4453	1488	2965
Шалкар*	454	87	367
Темір	280	13	267
Гурьев	2004	879	1125
Ф-Шевченко	14	1	13
Орал	5473	2010	3463
небары	12678	4478	8200

\*Он бір айдын мәліметі

Кестеден көрінетіндей, көшіріліп әкелінген балалар негізінен облыс орталыктарына орналастырылған және олардың үлесі 93,5 %-ды құрайды. Гурьев каласына Караганда әсіресе, Орал және Актөбе калаларына балалар көп орналастырылды. Қалалардан кеткен балаларды осыннан коныс аударған отбасылардың балалары және басқа аймактарға жолданған балалар құрады.

Аймакта келген балалардың біраз бөлігін ата-анасынан айырылған балалар құрады. Мысалға, Батыс Қазакстан облысының 1941 ж. 1 тамызына дейінгі уакыттың өзінде ата-анасынан айырылған 97 бала келген. Балалардың 99 %-ын (95 бала) 7 мен 16 жасқа дейінгі аралыктагы балалар құрады [9, 15]. Уақыт өткен сайын эвакуацияланған балалар саны арта түсті. Жалпы, облыска барлығы ата-анасыз 6175 бала келді. Оның 3637-сі 8 жасқа дейінгі балалар болатын. Олардың негізгі бөлігі балалар үйлері мен интернаттарда орналастырылды [6, 171]. 1943 ж. облыста 18 балалар үй болды, онда 1760 бала тәрбиеленді [15]. Ал. 1945 ж. 1 маусымдағы мәлімет бойынша облыстағы 15 балалар үйінде 1513 тәрбиеленуші тәрбиеленсе, түрлі мектеп-интернаттарда 1034 бала өмір сүрді. Барлығы 2547 бала. Оның 456-сы Орал каласындағы төрт балалар үйінде тәрбиеленді [16]. Эрине, бұл уақытқа дейін өнірдегі эвакуацияланған балалар тұған жерлеріне кайтарылып, олардың саны азайған болатын. Осы мәселеге катысты М.Н.Сыдыков есептеулердің нәтижесінде Батыс Қазакстан облысында эвакуацияланған балалардың 30 %-га дейінгі белгілі тұракты өмір сүрге қалған деген корытындыға келді [6, 172].

Ал көршілес Актөбе облысында эвакуацияланған балалар Актөбе каласынан басқа Шалкар. Темір калаларына және басқа аудандардың елді мекендеріне орналастырылды. Мысалы, 1942 ж. маусым айында Темір каласы Сталинград облысының Франкск және Кольбск балалар үйлерінін 110 тәрбиеленушілері мен барлық қызметкерлерін кабылдайды [17]. Жалпы, облыска 1944 ж. 1 сәуіріне дейін 2142 бала эвакуацияланды. Олардың 1834-і 14 жасқа дейінгі, 308-і 16 жасқа дейінгі балалар болды [18].

Гурьев облысы да балаларды орналастыру аймагына айналды. 1941 ж. өзінде мұнда Воронеж каласынан мектепке дейінгі жастағы 81 баладан тұрған балалар үйі 17 қызмет көрсетушісімен бірге көшіріліп әкелінді. Сонымен бірге, осы каладан 27 қызмет көрсетуші адамдары бар 68 бала тәрбиеленетін мылқаулар мектебі де көшірілді [19].

Эвакуацияланған халықтың катарын аймакта көшіріліп әкелінген кәсіпорындар жұмысшылары да толықтырды. Дегенмен, соғыс жағдайында кәсіпорындардың жұмысшылар құрамын толық көшіру мүмкін болмады. Кәсіпорындардың құрал-жабдықтарымен бірге тек біліктілігі жоғары санаулы маман-қадрлар көшірілді. Қалған жұмысшылар майданға алынды немесе тылдағы енбекке

жұмылдырылды. Мысалы, 1941 ж. 17 күркүйегінде дейін Қазақстан территориясына 36 қәсіпорын келсе, оның 8-і Батыс Қазақстан аймағына жолданған. Осы қәсіпорындармен бірге Актөбе каласына – 80, Орал каласына – 6430 маман, инженер-техникалық жұмысшылар және қызметкерлер келген [20]. Сол сияқты 1941 ж. күздінде Актөбене Мәскеуден көшірілген Рентген зауытының жабдықтарымен бірге 150 маман жұмысшы, инженер-техник қызметкерлер келді [8, 8]. Тагы бір мысал бойынша Гурьев облысына эвакуацияланған 8399 адамның 1276-сы қәсіпорындармен бірге келгендер болды [21].

Соғыс жылдарында эвакуацияланған халық КСРО-ның түрлі республикалары мен облыстарынан келді. Нәтижесінде, Қазақстанның көпшілтік халқының калыптасу үрдісі жалғасты. Мысалы, 1941 ж. өзінде Батыс Қазақстан облысына 25 ұлттың өкілдері келген [6, 167].

Батыс Қазақстандагы кала халқының этнодемографиялық сипаттының өзгеруіне кенес өкіметтің соғыс карсаңында бастаған жоспары енбектік коныстандыру саясатының жүргізуі мен откен гасырдың 30 жылдардың екінші жартысында бастаған халықтарды күштеп жер аудару саясатының жалғастырылуы да ықпал етті. Патшалық Ресейдің отарлық саясатының жағасы болып табылған коныстандыру саясатының нәтижесінде Қазақстанда 1941 ж. 1 сәуіріне каратай осында кулак ретінде жер аударылған 180 015 енбектік коныстанушылар тұрып жатты [13, 387].

